Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 40 (1303)

16.10.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

БҮГІН - НАН КҮНІ

АЛ 2006 ЖЫЛДАН БАСТАП 16 ҚАЗАНДА - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК НАН КҮНІ АТАЛЫП ӨТІЛЕДІ. КЕЙБІР ДЕРЕКТЕРДЕ НАН КҮНІН АТАП ӨТУ 1945 ЖЫЛЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН ДЕЙДІ. АЛ БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ 2019 ЖЫЛҒЫ ҚЫРКҮЙЕКТЕ ҮКІМЕТТІҢ ҚАУЛЫСЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІНЕ ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗІЛДІ, СОҒАН СӘЙКЕС 16 ҚАЗАН - НАН КҮНІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ. БІЗ МҰНЫ ҰМЫТПАУЫМЫЗ КЕРЕК. СЕБЕБІ АСТЫҢ ЕҢ ҚАДІРЛІСІ - БІР ҮЗІМ НАН.



Сондықтан атам қазақ «ауыз ти» деп ұсынған наннан бір үзім нан жеу, ол - мағынасы мен мәні көп дәстүр. Нанның қасиеті: «Адам атамыз бен Хауа анамыз пейіштен қуылған кезде ит бірге ілесіп кетіп, сонда бидай иттің ұртында келген дейді. Итті «жеті қазынаның бірі» дейтін себебіміз - «адамзат сол иттің ырыздығын жеп жүр» деген бұрыннан келе жатқан аңыз бар. Бір таңданарлығы, жер бетінде басқа дақылдардың, жемістердің барлығының жабайы түрі бар. Мысалы, алманың, жуаның, сұлының дегендей, барлығының жабайы түрі табиғатта кездеседі. Бірақ бидайдың жабайы түрі жоқ. Сол себептен де, қазіргі тілмен айтсақ, бидайдың ғарыштан келгеніне иланасың. Шынымен, осы қисынға, «бұл жердің дәні емес, бізге бейнебір ғарыштан жеткен» дегенге біртүрлі сенгің келеді. Үйге келген кез келген адам асығыс болса да, өзге тамақтан емес, наннан ауыз тиіп шығады. Қазақтың «бір күн дәм татқан жерге қырық күн сәлем» дейтін сөзі осыдан келіп шыққан шығар.

Нанның киесі туралы, нанның ас ретінде қасиетті тағам екендігін ақындар да өлеңге қосып жырлаған. Мысалы, ақиық ақын Жұмекен Нәжімеденовтың нан туралы жазған өлеңдерінен тоқ адамның нан қасиетін түсінбейтін тұстарын айтады.

... Наным көп деп сөйлегенше шалықтап,
қолындағы кімнің наны — анықта.
Үзім нанда — тағдырлар бар, табан бар,
жан-терің бар, айналайын адамдар —
тоқпыз содан. Басқаша айту маған да ар,
Нан көп дейді нанын ақтамағандар...

Осы орайда енемнің соғыс жылдары әкесі әкелген, онсыз да аз, нанның бір үзімін жастығының астына тығып ұйықтайтын әңгімесі еске түсіп кетті. Сол нанды қолымен ұстап жатса ғана көзі ұйқыға кетеді екен. Ал Бейімбет Майлиннің әңгімесіндегі Күлпаш ше? Бір үзім нан үшін адам қандай қадамға баруға мәжбүр болған? Нанның қасиетіне келсек атам қазақ не түрлі тиым сөздер айтқаны белгілі:

- Нанды жерге тастамайды, үстінен аттамайды, үстіне ешбір затты қоймайды.

«Нанды баспа», «Нанды төңкерме», «Нанның үстіне зат қойма», «Нан бар жерде жан бар», «Нанды бір қолыңмен үзбе», «Ас атасы- нан», «Нан жеп отырған адамды орнынан қозғауға болмайды», «Дастарханда наны жоқтың - тамағының сәні жоқ»... Ал қазір ше? Нанды көгертіп, қатырып қана емес, жарамды нанды да қоқысқа тастайтынымыз өтірік емес қой?..

Баян Таңатарова
«Алатау»

ПОМОГИТЕ НАЙТИ РОДНЫХ И БЛИЗКИХ!

Казахстанская поисковая группа волонтеров «Ерлік. Даңқ. (Подвиг. Слава)» продолжает поиск казахстанских воинов Великой Отечественной войны,имена которых остались безызвестными и благодаря, неустанным поискам волонтеров в данное время восстанавливается картина погибших солдат времен ВОВ. Недавно родственники одного из таких солдат нашлись в Каратальском районе, откуда воин был созван в армию и погиб при защите Белостока Брестской области. Они связались с волонтерами, которые сообщили родственникам место погребения солдата. Волонтеры прислали информацию в «Алатау» еще об одном воине, который погиб на поле боя, защищая Сталинград.

Это Александров Леонид Данилович. Дата рождения 1903 год.

Место рождения Казахская ССР, Алма-Атинская область,с. Талды-Курган, Сталинская, 51.

Дата и место призыа: Талды-Курганский РВК, Талды-Курганский район.

Последнее место службы: 3 гв. Кк 23.кп 6 гв.кд

Воинское звание: гв.красноармеец

Причина выбытия: убит

Дата выбытия: 22.11.1942 год

Первичное место захоронения: Сталинградская область, Калачевский район, Больше-Набатовский с/с,х. Евлампиевский, северная окраина

Жена: Цембалеева Дарья Яковлевна

Родственники и близкие Александрова Леонида Даниловича подробности могут узнать по телефону 8-705-507-86-71 у командира поискового отряда Армана Муканова.



«АЛАТАУ» ГАЗЕТІНЕ АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!



- дейді, Республикалық «Ерлік. Даңқ» іздестіру отрядының командирі Арман Мұқанов.

Газетке екі рет «Іздеу саламыз» деп хабарлама жазып, Ұлы Отан соғысында «хабарсыз кетті» деп есептелген жауынгер Қаратал ауданы Қызыл балық ауылының тумасы Жылысбаев Әбдуәлидің туыстарының табылып, отряд командирімен байланысқа шыққанын хабарлаймыз. Волонтёрлар атынан газет ұжымына алғысымызды білдіремз! Осыны WATS APP арқылы хабарлауды жөн көрдік. Алдағы мақсат – жауынгердің табылған медальонын туыстарына табыстау.

Осындай мәселені шешу қарастырылуда. Өйткені жауынгер сүйегін іздеуге атсалысқандар арасында Ресей, Беларусь, Польша сияқты елдердің волонтерларының басын біріктіретін Халықаралық ұйым бар.

Сіздерден тағы бір жетісулық майдангер, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгердің туыстарын іздестіруіңізді өтінемін. Ол - талдықорғандық Александров Леонид Данилович.

Құрметпен Арман Мұқанов,
республикалық іздестіру
отрядының командирі

БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу бағасы:

редакция арқылы
6 айға – 2 106 теңге.
«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға
6 айға – 3 275,48 теңге.
«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға
6 айға – 4 462,64 теңге.

Цена подписки:

через редакцию
на 6 месяцев – 2 106 тенге.
через «Казпочту» для физических лиц
на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.
через «Казпочту» для юридических лиц
на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.



Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

БҰҰ: ӘЛЕМДЕ 1,2 МЛРД.АДАМ КЕДЕЙЛІКТЕ ӨМІР СҮРЕДІ

Әлемде кедейшілікте өмір сүріп жатқан адам саны 1 млрд. 200 млн-ға жетті. Бұл туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының жаңа баяндамасында айтылған, деп хабарлайды 24KZ.

Бір жыл ішінде олардың қатары 51 млн. адамға көбейді. Бұған халық санының артуы, экономикалық дағдарыстар мен қарулы қақтығыстар себеп. Жоқшылықта өмір сүретіндердің жартысынан астамы – балалар мен жасөспірімдер. Басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. Алайда 15 жылдың ішінде өмір сүру деңгейін айтарлықтай көтерген елдер де бар. Баяндама ақпаратына сүйенсек, 89 мемлекеттің 30-ы кедейлік деңгейін екі есе төмендеткен. Мұндай мемлекеттердің қатарында Мысыр, Непал, Вьетнам және Қытай бар.

ҚАЗАҚСТАНДА ТҮЙЕ СҮТІНЕ АРНАЛҒАН СТАНДАРТ ӘЗІРЛЕНДІ

Қазақстанда пастерленген түйе сүтіне арналған ұлттық стандарт бекітілді. Стандарт өнімге қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеп, отандық кәсіпорындардың өнім түрлерін кеңейтуіне және экспортты дамытуына бағытталған, деп хабарлайды «24KZ».

Құжат 2026 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі. «Пастерленген түйе сүті. Техникалық шарттар» деп аталатын ҚР СТ 4050-2026 стандарты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2026 жылғы 11 қыркүйектегі № 41-НҚ бұйрығымен бекітілді. Соңғы 15–20 жылда түйе сүтіне деген әлемдік қызығушылық артып, одан өндірілетін өнім түрлері көбейді. Түйе сүтінен балмұздақ пен конфитюр өндіріледі. Сондай-ақ ол кофеге қосылады. Стандартты қолдану өндірушілерге ішкі және сыртқы нарықтарға арналған өнім түрлерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Экспортты дамытудың перспективалы бағыттары ретінде Еуразиялық экономикалық одақ елдері, Қытай және Таяу Шығыс мемлекеттері қарастырылып отыр.

БЮДЖЕТТІК ШЫҒЫНДАР ҚЫСҚАРТЫЛДЫ

Мемлекеттік шығыстарды оңтайландыру аясында 2027 жылға арналған бюджет жобасындағы шығындар 6,7 трлн теңгеге қысқартылды. Бұл туралы Премьер-министр Олжас Бектенов Құрылтай отырысында мәлімдеді, деп хабарлайды «24KZ».

Атап айтқанда, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік органдардың әкімшілік ғимараттарын салуға жарияланған мораторий жалғасып жатыр. Бұл шығынды көп қажет ететін бағыттардың бірі. Сонымен қатар Үкімет 2026 жылы бюджетке түзетулер енгізу арқылы шығыстарды 360 млрд теңгеге қысқартып, қаражатты басым бағыттарға қайта бөлді. Осылайша мемлекеттік шығыстарды оңтайландыру жұмысы тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Алдағы кезеңге арналған бюджетті әзірлеу барысында бізге 36,9 трлн. теңгеге өтінім түсті. Алайда, 2027 жылға арналған шығыстар 30,2 трлн. теңге көлемінде бекітілді. Яғни, бюджетті қарау барысында шығыстарды 6,7 трлн. теңгеге қысқарттық,— деді Олжас Бектенов.

АУҚАТТЫ АДАМДАР МЕМЛЕКЕТ КӨМЕГІНЕ СҮЙЕНБЕУІ КЕРЕК

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі өзгереді. Енді көмек отбасының материалдық жағдайы мен табысын ескере отырып беріледі, деп хабарлайды «24KZ»

Құрылтай отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов мемлекеттік көмекті тағайындау тәртібін түсіндірді. «Көпбалалы отбасылардың табысы жоғары немесе төмен екеніне қарамастан, олардың барлығы мемлекеттен бірдей қолдау алып отыр. Біздің ойымызша, бұл – әділетті емес. Өзін-өзі қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар ауқатты азаматтар мемлекет көмегіне сүйенбей, өз күшіне сенуі керек. Мемлекет тек өмірлік жағдайына байланысты өз күнін өзі қамтамасыз ете алмайтын азаматтарға қолдау көрсетеді және алдағы уақытта да қолдайды», - деді Премьер-министр. Үкімет басшысының сөзінше, жаңа тәсіл 2027 жылы бюджет қаражатының 700 млрд. теңгесін, ал үш жылда шамамен 2,5 трлн .теңгесін үнемдеуге мүмкіндік береді. Үнемделген қаражатты басқа маңызды бағыттарға жұмсау жоспарланып отыр.

ЕЛІМІЗДЕ ЖАҢА НАГРАДАЛАР ПАЙДА БОЛАДЫ

Құрылтай депутаттарының бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, үшінші оқылымда қабылдады, деп хабарлайды «24KZ».

Заңда отандық музыка өнері мен ән шығармашылығын дамытудағы жемісті қызметі және ерекше еңбегі үшін азаматтарды марапаттауға арналған «Шәмші Қалдаяқов» медалін тағайындау қарастырылған. Сонымен бірге бейнелеу өнеріндегі үздік туындыларымен ерекшеленген және отандық көркем мәдениетті дамытуға ерекше еңбек сіңірген қайраткерлер үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағы енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАҚ САНЫ 5,5 МЫҢҒА ЖУЫҚТАДЫ

Қазір еліміздегі БАҚ саны 5,5 мыңға жуықтап, интернет пайдаланушылардың үлесі 98%-ға жетті. Халықтың ақпарат алу дағдысы да өзгерген. Қазір қазақстандықтар жаңалықтарды әлеуметтік желілер мен мессенджерлерден оқиды. Басты өзгерістер – медианың цифрлық кеңістікке көшуі және жасанды интеллект құралдарының кеңінен қолданыла бастауы. Telegram, Instagram, YouTube және TikTok ақпарат таратудың маңызды арналарына айналған. Блогерлер мен әлеуметтік желілердегі танымал қолданушылар дәстүрлі БАҚ-пен бәсекелесіп, қоғамдық пікірге ықпал етіп отыр. Сонымен қатар жасанды интеллектінің мүмкіндіктерімен бірге қауіптері де бар. Вице-министрдің мәліметінше, биыл Үкімет мүшелерінің, әкімдердің және танымал журналистердің бейнесі қолданылған жалған видеолар тараған. Олар саяси арандату және алаяқтық мақсатында пайдаланылған. Осыған байланысты Қанат Ысқақов халықтың медиасауатын арттыру, ақпарат көздерінің құпиясын сақтау және жеке деректерді қорғау маңызды екенін атап өтті.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

АҚСУ АУДАНЫ

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ 31 АУЫЛЫНА ГАЗ ТАРТЫЛАДЫ



Ақсу ауданының тұрғындарымен кездесуі барысында облыс әкімі Бейбіт Исабаев жылдың соңына дейін Жетісу облысында табиғи газбен қамтылған адам саны 518 мыңға жетеді. Бұл ретте Ақсу ауданының 31 ауылына газ тарту жұмыстары биыл басталады деді облыс әкімі , - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кездесуде өңір басшысы ауыз сумен қамту мәселесіне де тоқталды. Ақсу ауданында орталық ауыз сумен қамту көрсеткіші - 99,7%. Биыл Бәйтерек, Алтынарық, Қопа, Ақтоған ауылдарындағы су құбырын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.Бұл ретте Бейбіт Исабаев Жансүгіров ауылының тұрғындары үшін 3 ұңғымадан су алынып отырғандықтан, мекеменің электр энергиясын тұтыну шығындарын азайту мақсатында және тұрғындарды үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін келесі жылы облыстық бюджеттен тиісті қаражат қарастырылып, күн панельдерін орнату жұмыстары жүргізілетінін жеткізді.Қазіргі таңда облыстағы елді мекендердің 93% таза ауыз сумен қамтылған.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 22 МЫҢ ТОННА АЛМА ЖИНАЛДЫ



Өнім отандық нарыққа және экспортқа шығарылып жатыр. Өңірде жиналған жемістің жартысына жуығы Панфилов ауданында өседі. Облыс аумағында үш мың гектардан асатын алма бағы болса, басым бөлігі осы ауданда орналасқан, деп хабарлайды 24KZ.

Айдарлы ауылындағы 500 гектар алма бағында күзгі жиын-терім науқаны қызу. Сабағынан үзілгелі тұрған жемісті уақытылы жинау үшін алыс-жақыннан мың жарым адам жұмылдырылған. Облыс бақтарынан биыл 22 мың тонна алма жиналды. Оның 1100 тоннасы қоймада сақталады. Бұл қыс мезгілінде жергілікті халықты өңірде өндірілген өніммен қамтуға жеткіліксіз. Сондықтан жеміс бағын көбейту көзделіп отыр дейді, облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев. Жалпы, өңірде 39 қойма бар. Онда жылына 40 мың тонна жеміс-жидек сақталады.

САЗ БЕН СӨЗ ҮЙЛЕСКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Талдықорған қаласында Қ. Байсейітов атындағы саз колледжінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Оқитын ұлт» бағдарламасына сәйкес оқу мәдениетін дамыту және кітап оқитын ұлтты қалыптастыру жөніндегі шаралар аясында ақын, «Құрмет» орденінің кавалері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қуат Қайранбаевпен кездесу ұйымдастырылды.



Қ.Байсейітов атындағы саз колледжіндегі кездесу. Ортада - Қуат Қайранбай.

Алматы қаласынан арнайы келген қаламгер өнер әлеміне қанат қаққан халық аспаптар бөлімінің студенттеріне патриоттық өлеңдерін оқып, өнегелі өмір жолы жайлы қызықты естеліктерін бөлісіп, жас ұрпақты кітап оқуға шақырды. Саз бен сөз үйлескен рухани шараға әнші-сазгер, Жетісу облысының Д.Рақышев атындағы филармониясының солисті Нұржан Ахметбеков қатысып, ақынның әндерін шырқады.

Сонымен қатар Қ.Байсейітов атындағы саз колледжінің кітапханашысы Түстебаева Ләззат және жас ұстаздар жыршы Есхат Нұрәлі мен Ерболат Назерке қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Кездесу кешін Қанабек Байсейітов атындағы саз колледжі директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, ақын ҚР «Мәдениет саласының үздігі» Жангелді Немеребай жүргізді.

Сембек Солтанұлы

ЖАРКЕНТТЕ АТЫС БОЛЫП, 33 ЖАСТАҒЫ ЕР АДАМ ЖАРАҚАТ АЛДЫ



Жетісу облысының Жаркент қаласында адам өлтіруге оқталу және бұзақылық фактілері бойынша қылмыстық істер қозғалып, екі күдікті ұсталды, деп хабарлайды 24KZ.

Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, бұған дейін таныс болған ер адамдар арасында жанжал шыққан. Қатысушылардың бірі атыс қаруын қолданған. Оқ тиіп жараланған 33 жастағы ер адам ауруханаға жеткізілді. Тергеу барысында полиция оқиға кезінде қолданылған қаруды тәркілеген. Екі күдікті ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Әлеуметтік желілерде қару мемлекеттік органдармен байланысты адамға тиесілі деген ақпарат тараған. Алайда полиция бұл мәліметтің шындыққа жанаспайтынын мәлімдеді. Ведомство жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілік барын еске салды. Құқықбұзушылықтың мән-жайы мен құқықтық сарапануына қарай, кінәлілер жеті жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Қылмыстық істің тергелуін Жетісу облыстық полиция департаментінің басшылығы бақылауға алды.

ХАБАРЛАМА

«Алатау» газетіне жоғары білімді сауатты журналист - корректор керек. Үміткерлер компьютерлік InDesign бағдарламасын білуі шарт. Байланыс телефоны: 8-701-75-73 .

ПРЕЗИДЕНТ ПОДПИСАЛ УКАЗ О ВЫБОРАХ МАСЛИХАТОВ



Глава государства подписал Указ о досрочном прекращении полномочий маслихатов всех уровней, передает Kazinform со ссылкой на Акорду.

Президент Касым-Жомарт Токаев после консультаций с Премьер-министром Олжасом Бектеновым и Председателем Курултая Айбеком Дадебаем, проведенных в соответствии с пунктом 5 статьи 88 Конституции Республики Казахстан, подписал Указ «О досрочном прекращении полномочий маслихатов всех уровней». Центральной избирательной комиссии поручено принять все меры по назначению, подготовке и проведению внеочередных выборов депутатов маслихатов всех уровней. Указ вступает в силу со дня опубликования.

АКСУСКИЙ РАЙОН

ЗА 3 ГОДА В АКСУСКОМ РАЙОНЕ ПОСТРОЕНО И ОТРЕМОНТИРОВАНО 28 СОЦИАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ

В Аксуском районе за последние 3 года построено 23 новых социальных объекта, включая объекты образования, здравоохранения, спорта, культуры, и 5 объектов капитально отремонтированы. Об этом стало известно в ходе встречи акима области Бейбита Исабаева с населением района, — сообщает пресс-служба акима области Жетісу.



Полностью завершены ремонтные работы в Аксуской районной больнице, которая до настоящего времени оставалась проблемным объектом. В сфере образования новая школа на 180 мест с мини-центром на 75 мест. В сфере культуры в регионе введены в эксплуатацию 3 дома культуры, два из них – дома культуры в сёлах Матай и Есеболатов. В доме культуры села Капал проведён текущий ремонт, заменён отопительный котёл. Районной библиотеке передано здание детской спортивной школы в селе Жансугуров, что позволило создать благоприятные условия для работы библиотеки.

НА «ХОРГОСЕ»

В ЖЕТІСУ УСИЛИВАЮТ ДИСЦИПЛИНУ СРЕДИ ВОЕННЫХ



На пункте пропуска «Хоргос» в области Жетісу пограничники и военная полиция провели встречу по укреплению дисциплины среди военнослужащих, передаёт tinfo.kz, со ссылкой на vestnik19.kz

На пункте пропуска «Хоргос» в области Жетісу пограничный контроль и военная полиция провели встречу. Они обсудили укрепление дисциплины среди военнослужащих, а также меры по предотвращению правонарушений и повышению правовой грамотности личного состава, сообщили в акимате региона. Участники встречи акцентировали внимание на соблюдении законности, поддержании правопорядка и личной ответственности каждого пограничника. Заместитель начальника управления пограничного контроля «Хоргос», полковник Глеб Рыбалкин, особо выделил важность профилактических мер в этом направлении. Подобные мероприятия, проводимые согласно программе «Заң және тәртіп», помогают формировать здоровый морально-психологический климат в коллективе и снижают риск дисциплинарных проступков среди военнослужащих.

ОТОПЛЕНИЕ В ТАЛДЫКОРГАНЕ НАЧАЛИ РАНЬШЕ СРОКА

С наступлением осенних холодов Талдыкорган готов к началу отопительного сезона. В городе начали подавать тепло, в первую очередь, обеспечив им социально значимые объекты, передает корреспондент агентства Kazinform.



По данным акимата города Талдыкорган, к централизованной системе теплоснабжения подключены 835 многоквартирных и 1 285 частных жилых домов, а также 210 бюджетных организаций и 1 322 коммерческих объекта.

В ведомстве также отметили, что подготовка к отопительному периоду требует внимания не только со стороны коммунальных служб, но и самих жителей. Горожанам рекомендуют заблаговременно проверить состояние отопительных систем и радиаторов, чтобы своевременно выявить возможные неисправности. Напомним, в области Жетісу отопление в социальных объектах начали подключать поэтапно. Первым тепло начали подавать в городе Текели. В остальных городах и районах региона подключение будет проходить с учетом погодных условий.

ТРИ ГРАЖДАНИНА ИРАНА, ПОЛУЧИВШИЕ ЗЕМЛИ С НАРУШЕНИЯМИ В ЖЕТІСУ



Более 2,3 тыс. гектаров сельскохозяйственных земель в Ескельдинском районе, стоимость которых оценивается примерно в 50 млн. теңге, решено вернуть государству. Земли находились во владении частной компании с иностранным участием и были предоставлены с нарушением требований земельного законодательства, передает корреспондент агентства Kazinform.

Как сообщили в прокуратуре региона, учредителями юридического лица, во владении которого находились земельные участки, являлись три гражданина Ирана. В связи с этим прокуратура Ескельдинского района обратилась в суд с иском о возврате земель в государственную собственность. Суд удовлетворил исковые требования и постановил вернуть государству 2,3 тыс. гектаров сельскохозяйственных земель общей стоимостью около 50 млн. теңге. При этом сообщается, что решение суда пока не вступило в законную силу.

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

ВНЕОЧЕРЕДНЫЕ ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ ВСЕХ УРОВНЕЙ В КАЗАХСТАНЕ ПРОЙДУТ 29 НОЯБРЯ 2026 ГОДА

Согласно утвержденному ЦИК календарному плану избирательной кампании, основные этапы пройдут в следующие сроки:

Выдвижение кандидатов: с 14 по 27 октября 2026 года.

Регистрация кандидатов: завершится 1 ноября 2026 года (до 18:00).

Предвыборная агитация: начнется сразу после окончания регистрации и продлится до 00:00 28 ноября 2026 года.

День тишины: 28 ноября 2026 года.

День голосования: 29 ноября 2026 года (участки будут открыты с 07:00 до 20:00).

Подведение итогов: результаты выборов должны быть установлены не позднее 3 декабря 2026 года.

Всего казахстанцам предстоит избрать 3 447 депутатов в 228 маслихатах сроком на пять лет.

В ЖЕТІСУ СОЗДАДУТ ЧЕТВЕРТЫЙ ЭКОПАРК – «ТАМШЫБҰЛАҚ»

В области Жетісу в рамках общенациональной программы «Таза Қазақстан« создадут четвертый экопарк, развивая природный объект «Тамшыбұлақ» в селе Капал Аксуского района. Об этом сообщил аким области Бейбит Исабаев на встрече с жителями района, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

В целом туризм – одно из важнейших направлений экономики области. По словам главы региона, в 2023–2025 годах на развитие отрасли из государственного бюджета было выделено 50,7 млрд. теңге, а на текущий год предусмотрено свыше 23 млрд .теңге. Кроме того, за счет частных инвестиций строятся 23 зоны отдыха общей стоимостью 17,8 млрд .теңге. Напомним, по поручению Главы государства в регионе уже созданы три экопарка – «Койтас» в Сарканском районе, «Тасбақа» в г.Талдыкорган и «Серкесай» в г.Текели. В перспективе к ним присоединится экопарк «Тамшыбұлақ» в Аксуском районе.

- Один из перспективных объектов – природный источник «Тамшыбұлақ», расположенный в селе Капал. Нужно рассмотреть вопросы создания необходимых условий для посетителей и включения объекта в туристические маршруты. Подготовьте смету. В рамках программы «Таза Қазақстан» начнем работу над экопарком «Тамшыбұлақ», - подчеркнул Б. Исабаев. К слову, ежегодно область Жетісу посетили более 2 млн. туристов.

КРУПНУЮ ПАРТИЮ ПСИХОТРОПНЫХ ВЕЩЕСТВ ПЫТАЛИСЬ ДОСТАВИТЬ ИЗ АСТАНЫ В ТАЛДЫКОРГАН

Более 3,6 килограмма мефедрона и α-PVP изъяли полицейские при пресечении предполагаемого канала поставки психотропных веществ из Астаны в Талдыкорган. Часть запрещенных веществ обнаружили в автомобиле задержанного, еще одну партию — в указанном им месте предполагаемой закладки, передает корреспондент агентства Kazinform.

По информации ДП области Жетісу, сведения о готовящейся поставке поступили оперативным путем. В ходе дальнейших мероприятий сотрудники Управления по противодействию наркопреступности совместно с сотрудниками МВД и ДП Астаны установили участников и обстоятельства предполагаемой перевозки. Операция проводилась при координации прокуратуры области Жетісу.

— Полиция области Жетісу продолжает работу по выявлению и перекрытию каналов поставки наркотических и психотропных веществ в регион. Каждое такое задержание — результат кропотливой оперативной работы, направленной на то, чтобы запрещенные вещества не дошли до улиц и не оказались в руках граждан, — отметили в ДП области Жетісу. По данному факту проводится досудебное расследование. Подозреваемый находится под стражей.

ОБСУДИЛИ ИЗМЕНЕНИЯ В СОЦИАЛЬНОМ КОДЕКСЕ И НОВУЮ СОЦПОДДЕРЖКУ

Представители акимата и профильных ведомств области Жетісу обсудили 13 октября изменения в Социальном кодексе и новую модель соцподдержки, передаёт tinfo.kz.

В ходе встречи З. Илимжанова, руководитель Департамента Комитета регулирования и контроля в сфере социальной защиты населения по области Жетісу, объяснила принципы оценки благосостояния граждан. Участники также активно обсудили вопросы внедрения цифровой карты семьи на районном и городском уровнях.В совещании приняли участие руководители всех районных и городских отделов занятости и социальных программ области, а также акимы районных центров и сельских округов. Новая адресная модель поддержки призвана обеспечить более эффективную социальную помощь населению региона.

НА КАСПИЙСКОМ МОРЕ ПОЯВИЛСЯ НОВЫЙ ОСТРОВ

Новый участок суши обнаружили во время недавней аэрофотосъёмки. Из-за снижения уровня воды морское дно постепенно обнажается, формируя новые острова и участки суши.По данным последних спутниковых исследований, с 2016 по 2025 год в некоторых районах северо-восточного Каспия казахстанская береговая линия отступила более чем на 20 километров. Учёные отмечают, что изменение уровня воды отражается не только на географии Каспия, но и на его экосистеме, меняя привычные места обитания животных, в частности, тюленя.Изменение уровня воды также способно повлиять на места обитания осетровых, водно-болотные угодья и другие экосистемы Каспия. Обмеление Каспийского моря также создаёт риски для портов, судоходства и рыболовства. Падение уровня Каспия на 5–10 метров может серьёзно нарушить работу важных экосистем и создать риски для гражданской и промышленной инфраструктуры стоимостью в миллиарды долларов.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 40 (1303) 16.10.2026 Алатау

АҚСУ ЕЛІ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕНДІ

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ЖАНСҮГІР КЕНТІНДЕ АУДАНДЫҚ АУРУХАНА ҮЙІНІҢ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУІН КӨПТЕН КҮТКЕН ХАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНА ҒИМАРАТЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНЫҢ КУӘГЕРІ БОЛДЫ.



Ақсу ауданының орталығы Жансүгір кентіндегі орталық аурухана

1974 жылы қызыл кірпіштен тұрғызылған үш қабатты «Ақсу аудандық орталық ауруханасы» ғимаратына 13.12.2023 жылдан сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Нысан бойынша тапсырыс беруші – Жетісу облысының құрылыс басқармасы. Аталған нысанды сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді мердігер ұйым – «RAKADA GROUP» ЖШС бастаған болатын.

Елдің алдына шыққан аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы толық жаңартылған аурухана ғимаратының қолданысқа берілетіндігін жария етті. Жетісу облыстық денсаулық сақтау басқармасынан келген уәкіл Кенжеғұлова Алмагүл Сахиқызы, облыстық денсаулық сақтау саласының кәсіподақ төрағасы Шалтабаев Асан Мұқанұлы құттықтау сөз сөйледі. Әкімнің сәл ғана оңаша сәтінде одан "не себепті аурухана жұмысы ұзаққа созылды" деп сұрап қалдық.


Ақсу ауданының әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы


Орталық аурухана директоры Құрымбай Байқадам Болатұлы

- Иә осыдан 3 жыл бұрын тендрді ұтып алған «RAKADA GROP» ЖШС құрылыс компаниясы жұмысты жылдам жүргізе алмай уақытты созып жүріп алды. Сондықтан басқа құрылыс компаниясына алып бере қою да қиындау соқты. Себебі оның да белгілі заңдылықтары бар. Ақырында облыс әкімі Б.Исабаевтің көмегінің арқасында жөндеу жұмысын басқа құрылыс компаниясына ауыстырып бере алдық. Нәтижесінде сол кейінгі құрылыс компаниясы осындай сапалы жұмыс жасады. Компания қызметкерлеріне көп алғыс білдіреміз.

Аурухана директоры Құрымбаев Байқадам Болатұлы бірінші қабаттағы ішкі бөлмелерді аралатып таныстыруды кіре берістегі ауруларды қабылдау бөлмесінен бастады. Өте ауыр жағдайда келген ауруларды қызыл аймақ, жасыл аймақ, сары аймақ деп жатқызатын бөлмеде 3 төсекті көрсетті. Бұл бөлмеде алғашқы көмек көрсетіліп, ауруларды реанимацияға немесе басқа емдеу бөлмелеріне жіберуді анықтайтын орын. Келесі бөлме жарақаттан, отадан (операциядан) немесе ауыр сырқаттан кейін адамның денсаулығын, қимыл-қозғалысын және ағза қызметін қалпына келтіруге арналған. Жаттығу қондырғылары қойылған. Бұл іспен айналысатын Реабилитолог маман (дәрігер) жаңадан «дипломмен ауылға» бағдарламасымен келгендігі және оның жолдасы **ЛОР** дәрігер екеуі бірге келгендігі айтылды. Жалпы осындай бағдарламамен барлығы 5 жас маман дәрігер келген екен. Бұған тұрғындар қатты қуанды. ЛОР дәрігердің жоқтығынан облыс орталығындағы дәрігерлерге жүгінуші едік. Жолдың қашықтығы тәп-тәуір қиыншылық тудыратын еді деп айтып жатты тұрғындар. Келесі бөлмеге «заманауи цифрлық рентген аппараты» қойылыпты. Бас дәрігер бұл аппараттың бұрынғы аппараттармен салыстырғанда жақсы ерекшеліктерін көрсетті. Жақын уақыттарда КТ аппараты әкелініп, мына бөлмеге қойылады деп келесі бөлмені көрсетті.

Толық күрделі жөндеуден өткен ауруханада ауруларға жақсы жағдай жасалынатындығы байқалып тұр. Екінші қабатта терапия, үшінші қабатта хирургия және реанимация орналасыпты. Жағдайы төмен болып келген ауруларды екінші, үшінші қабатқа апару үшін арнайы жедел саты(лифт) қарастырылған.

Орайы келген тұста бас дәрігер Байқадам Болатұлынан "жаңа техникалық қондырғылар қашан толық қойылып бітпек" деп сұрап қалдық

- Иә өте орынды сұрақ. Жаңа технологиялық қондырғыларды шетінен әкеп орнатып береді, біз оны тексеріп барып қабылдап аламыз. Егер алдын ала әкеліп қойса, арада уақыт өтеді де бір деталі жетіспей қалса, аппарат жарамсыз болып тұрады. Сол себепті, мердігерлермен келісімді жоғарыдағыдай талапта жасадық . Жалпы алғанда, бөлімдер бойынша қабылдайтын ауруларымыздың төсек саны мынадай :

- тәуліктік стационардың ғимаратында - 122 төсек бар.

- Терапия бөлімінде - 46 төсек,

- Хирургия бөлімінде – 33 төсек,

- Перзентхана бөлімінде – 14 төсек,

- Балалар бөлімінде – 20 төсек,

- Реаблитация оңалту бөлімінде – 9 төсек бар.

- Мекемеде штат бойынша қанша адам қызмет атқарады?

- Мекемеде 21 дәрігер, 64 мейірбике, 48 тазалықшы, 11 өзге қызметкерлер, жалпы саны 144 қызметкер жұмыс жасайды.

- Байқадам Болатұлы, жаңа бір сөзіңізде КТ аппараты, кислород станциясы жақын арада орнатылады деп қалдыңыз. Нақтырақ қай уақытқа жоспарлап отырсыздар?

- Компьютерлік томография (КТ) аппаратын, кислород станциясын орнату 2027 жылға жоспарланған. Қазіргі уақытта КТ аппараты мен кислород станциясына орын белгіленіп қойылды. Аталған жоба бойынша қажетті қаржыландыруға облыстық маслихатқа 40,0 млн. теңге көлемінде бюджеттік өтінім ұсынылды. Кислород станциясын орнату және пайдалануға беру жұмыстары 2027 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған.

«Бас ауырып балтыр сыздамай тұрмайды» дегендей аудандағы орталық ауруханаңың бүкіл аудан жұртшылығына тиімді екендігі айтпаса да түсінікті. Ақсу ауданының елжұрты осы ауруханаңың толық күрделі жөндеуден өтіп, қолданысқа берілгені үшін, тікелей ықпал еткен Жетісу облысының әкімі Б.Исабаевқа шексіз алғыс білдіріп жатты.

Сембек Абдрахманов


Ойын бөлмесі


ҰЛЫ ДЕУГЕ ЛАЙЫҚ

Нұрмолда Алдабергенов 20 желтоқсан 1906 жылы Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Қараағаш ауылы, Желдіқора қыстауында дүниеге келген. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған ел ағасы (1948 жыл және 1958 жыл), Қазақстандағы колхоз құрылысын алғаш ұйымдастырушылардың бірі.

Нұрмолда Алдабергенов 1927-1930 жылдары Түркістан – Сібір темір жолын салуға қатысқан. Сол жылдары аты аңыз ел азаматтарымен кездесіп, олардың сөздерін өміріне үлгі тұтқанын білеміз. Көксу ауданының Шұбар, Жаңа талап ауылдары бұл өзі де аңызға айналған адамның атымен тығыз байланысты. Себебі 1930-1933 жылдары «Жаңа талап» ұжымшарына келіп, колхозшы, бригадир болып еңбек етіп, көзге түсіп, кейін ауыл басшылығын қолына алған. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып келгеннен кейін де осы ауыл төрағасы қызметін жалғастырған ол колхоздастыру кезінде Сталин атындағы іріленген ұжымшар, яғни колхоздың бастығы болады. Социалистік жарыс жеңімпазы атандырған ауылды көркейтіп, шаруашылығын дөңгелеткен жан ретінде ел есінде мәңгі сақталған Нұрмолда Алдабергеновтың биыл 120 жылдығы тойланып жатыр.



Музей алды



Көрме жанында

Иә, 2026 жыл тоғызыншы қыркүйек күні таңда Нұрмолда атаны еске алушылар Көксу ауданы Мұқыры ауылына ағылды. Өйткені, 1965 жылдан шаруашылығы тұралаған қарасы біршама. Жұбайлардың шаңырақ көтергенде тәу ететін Алдабергенов ескерткіші алыстан ағарып көрінеді. Мәрмәр таспен көмкерілген бейіт басына гүл шоқтарын қойған ел ағалары және


Ескерткішке гүл қою рәсімі

Карл Маркс атындағы колхозды гүлдендіруге еңбек етіп, бүгінде Мұқыры атанған ауылда 1967 жылы жерленген еді. Атшаптырым жерге ағаштар отырғызылып, қоршалған, жол жиегіне раушан гүлдері отырғызылған көгалды ата аруағына құрмет көрсетуге келген жұрт имам оқыған құранға қол жайып, іштей атаның жанына тыныштық тілеп, артындағы еліне жақсылық болса екен деген тілеуде болды.

120 жыл. Ғасыр асса да ұрпақ ұлықтаған жанды «Ұлы даланың ұлы академигі» десе де болады. Ата кесенесінде аруағына құран бағыштаған жұрт кейін Нұрмолда Алдабергенов атындағы ауылдық округтің орталығына келді. Ондағы 20 Ер ескерткішінің ортасындағы алып ескерткіш алдына гүл шоқтары қойылды, яғни Батырлар аллеясына гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Сонан кейін жиналған жұрт ауылдағы атаның атындағы мәдениет үйінде болатын Нұрмолда Алдабергеновтың 120 жылдығына арналған «Елге қызмет – ерге мұра» ғылыми-мерейтойлық еске алу конференциясына қатысуға беттеді. Мәдениет үйінің алдындағы алаңда күзгі өнімнен көрме қойылған, үлкен сахна орналастырылған, онда оркестр күй ойнап, ауыл өнерпаздары концерт беріп жатты, ауылдың


Бейіт басындағы ескерткіш

мекенге айналған атаның жатқан жерінің күтімі жақсы екен.

Шырақшы да гүл отырғызудың, баптаудың шебері көрінеді. Осы ауыл тұрғыны болса да, өкінішке орай, аты-жөнін біле алмадық, біз барған кезде ол үйіне кеткен көрінеді. Оны осы маңда тазалық жүргізіп тұратын Мұқыры ауылында жұмыссыздар тізімінде тұрған биржа мүшелері баяндап берді.

Бүгін осында жиналған жұрт спорт алаңында түрлі жарыс ұйымдастырылған екен. Мәдениет үйінің кіреберісіне ұлы адамның суретімен билборд қойылған.

Конференция өтетін жер қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталып, зал безендірілген. LED экранда конференцияның тақырыбы жазылып тұр. Сахнаға 5 адамға президиум қойылған, бұрынғыдай ұзын стол мен орындықтар емес, аппақ креслолардың арасына қойылған шағын столдарға қатысушылардың аты-жөні жазылған тақтайша, микрофондар қойылған. Конференцияны жүргізетін модератор – Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сұлтанұлы Сүлейменов.

«**Армысыздар Құрметті қауым! Құрметті конференция қонақтары мен қатысушылары!»** деп бастаған жүргізуші бүгінгі күннің маңыздылығына тоқтала келіп, алғашқы сөзді Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Рахметұлы Есдәулетовке берді. Ол елге жолданған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқыды, өз атынан да елге тілек тіледі.

Конференция барысында Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің өмір жолы–адалеңбек, табандылықпен елге қызмет етудің жарқын үлгісін көрсететін «Н.Алдабергеновтің мемориалдық музейіне жол жүру» (Д.Есдәулетовтің сөзі) қысқа метражды фильм көпшілік назарына ұсынылды. Модератор елді қысқа метражды деректі фильмнің толық нұсқасын Жетісу телеарнасынан кешкі сағат 18:00-де тамашалай алатындығынан құлақтандырды.

Президиум мүшелері сахна төріне көтерілді. Олар: кезінде облыс әкімінің орынбасары қызметін


Сол күні Н. Алдабергенов музейіне барушылар да көп болды

атқарған қоғам қайраткері, ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Тыныштбай Досымбекұлы Досымбеков, облыстық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Ермек Әбілмәжінұлы Келемсейіт, дала академигінің ізбасары ретінде 2007-2019 жылдары Шұбар ауылында агроном болып еңбек жолын бастап, бригадир, басқарма төрағасы, «Алдабергенов» агрофирма директорының орынбасары және Н.Алдабергенов ауылдық округының әкімі болған Төлеген Әппақұлы Мұсапиров, Н. Алдабергенов музейінің алғашқы директоры, Еңбек ардагері, дала академигінің көзін көрген шәкірттерінің бірі, озат сауыншы, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ауылдық кеңестің атқару комитетінің төрағасы қызметінде болған Шайбала Әмірисақызы Тергеуова.

Бас баяндаманы жасау үшін сөз Тынышбай Досымбековке берілді. Одан кейін Ермек Әбілмәжінұлы, Ескелді ауданының Құрметті азаматы Төлеген Әппақұлы, мемлекеттік қызметтерде болып, елге еңбегі сіңген зейнеткер ел ағасы Наурыз Қылышбаев өткен күн тарихынан сыр шертті. Естеліктерімен Шайбала Әмірисақызы мен Рабиға Нұрмолдақызы Алдабергенова да бөлісті.

Конференция соңында Республикамыздың әр аймағынан арнайы келіп, атсалысқандарға, қонақтарға шынайы көңілден алғыс айтылып, Нұрмолда Алдабергеновтің рухына арналған асқа шақырды.

Автордан: «Алатау» қоғамдық-саяси газеті де дала академигінің 120 жылдығын елеусіз қалдырмаған еді. Осы іс-шара алдында ауыл әкімдігіне, Н. Алдабергенов атындағы музейге кезінде сол ауылда ашылған мектеп-интернатта еңбек еткен оқытушы-ұстаз, ақын, бірнеше кітаптың авторы Бағила Азанбаевамен бірге арнайы атбасын бұрып барып, хабар алған едік. Сол сапарымыз жайлы, Музейдің 40 жылдығына арналған іс-шара жайлы газетіміздің 37-ші санында жарияладық. Газетіміздің 39-шы нөміріне Бағила Азанбаеваның «Нұрмолданың нұрлы жолы» атты естелік баяндамасы жарияланды. Сол газеттерден 100 дана конференцияға қатысушыларға таратылды. Ұлының ұлылығын кейінгі ұрпаққа дәріптеуге өз үлесімізді біз де осылай қостық деп ойлаймын.

Құралай МҰСАНОВА
«Алатау»


Мұқыры ауылындағы биржа мүшелері Н.Алдабергенов жатқан жерге жиі тазалық жұмысын жүргізіп отырады

Дүйсенбі - Понедельник, 19 қазан

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00,13.30 «Рауза»
06.00 «Қазақтың жігіттері» Ернар Айдар
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
11.00 мультфильм «Фей Тайна страны драконов»
12.15 мультсериал «Белка и Стрелка тайны космоса»
13.00 «Цифровой код»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.15 Кино «Биік сезім»
17.40 Спецпроект Президент
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Музарт-25 жыл»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал «Прости»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Падение ордена»
06.55 Сериал «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.50 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.15 «Көреміз шоу»
20.00, 01.35«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины»
02.05 «Подкидыш»
04.15 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Нұрболат Абдуллиннің ән кеші»
08.30 Сериал «Пламя жизни»
11.00 «Брат или брак-2»
13.20 «Битва экстрасенсов реванш»
16.00 Сериал «Пламя жизни»
18.15 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
00.20 Сериал «Агенты справедливости»
02.50 Сериал «Топтун»
04.20 Сериал «Аңсаған сәби»
05.10 «Закира»
05.50 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.30 «Бір кітап»
10.00 «Угәгәй melody»
10.50 «Әсем әуен»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.10 «Тарлан»
11.35 «Әсем әуен»
12.00 «Тілашар»
13.00 «Единый народ»
13.30 «Әсем әуен»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.30 «Таза мекен»
15.00 Жаңалықтар
15.15 Ауа райы
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Менің елім»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Тиын мен түйін»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Біздің әулет»
22.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,01.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Шаншар»
08.30 Мультсериал «Губка Боб»
09.00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
09.30«Черепашка ниндзя»
10.00 «Волки и овцы: Ход свиньей»
11.50 худ. фильм «Тайна печати драконов»
14.50 худ. фильм «Джон Уик-3»
17.50 худ. фильм «В изгнании»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 худ. фильм «Код 355»
23.40 «Дом большой мамочки»
01.40 «31 әзіл » ойын-сауық
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.40 «Тик ток» ойын-сауық
04.00«What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
05.40 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
05.30 «Ата-ана,бала-шаға»
06.10 «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10,09.40, 16.00, 18.30, 01.10 Телехикая
08.00 Новости утро
10.50 «Тренер аға»
13.00Жаңалықтар. тікелей эфир
13.15 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
15.40 «Ну погоди»
18.00 Қорытынды жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Итоговые новости прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.10 «Әзілің жарасса»
02.20 «Құтқару қызметі»
03.20 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20Тазалық уақыты

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жеңіс» шаруа қожалығы жұртшылықты 2026 жылғы 27 қазан мен 2 қараша аралығында Жетісу облысы Ескелді ауданы Бақтыбай ауылдық округінде «Жеңіс» шаруа қожалығының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°55'08,47» СШ 78°16'02,51»ВД.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: Жеңіс» ШҚ, Ескелді ауданы, Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы ауыл, есептік орам 009, құрылыс 121.

Тел.: 8 702 250 63 22, e-mail: Zhumagulov981@gmail.com

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел.: 8 777 343 34 66, Талдықорған қ., Назарбаев көшесі, 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Жоба материалдарымен келесі сайтта танысуға болады: ndbecology.gov.kz.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» ММ, тел.: 8 (7282) 32-92-67, 8 777 171 90 39, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26.

МИО сайтына сілтеме: https://ndbecology.gov.kz

Сондай-ақ бастамашының сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru

Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz. сайтындағы «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде және priroda@zhetisu.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Сейсенбі - Вторник, 20 қазан

ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00,13.30 «Рауза»
06.00 «Ән жырым сағаң туған жер» Алтынбек Қоразбаев
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Өзекті»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.00,20.00 «Келінжан»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал «Прости»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Падение ордена»
06.55 Сериал «Позднее раскаяние»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.05«Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз шоу»
20.00, 01.35«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.35 «Әнім сен едің»
07.50 Вечерние новости
08.35 Сериал «Пламя жизни»
10.55,00.20 Сериал «Агенты справедливости»
13.25 «Битва экстрасенсов реванш»
16.00 Сериал «Пламя жизни»
18.15 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
02.50 Сериал «Топтун»
04.20 Сериал «Аңсаған сәби»
05.10 «Закира»
05.50 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Тиын мен түйін»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Аман болайық»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Мәңгілік достық»
14.30 «Сергек»
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости
16.20 К/ф «Біздің әулет»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 Д/ф «Тазы.Қазақтың қазынас»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Агро аймақ»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Қожайынның балалары»
22.40 «Әсем әуен
23.15 «Әу» де»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын»
07.00, 20.00 информбюро (рус., каз.)
08.00,05.00 «Күліп ал» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30«Черепашка ниндзя»
10.10 «Знакомтесь Дэйв»
12.20худ. фильм «Геракл»
14.30 худ. фильм «Люди икс апокалипсис»
18.00 худ. фильм «Кровавый спорт»
21.00 худ. фильм «Сокровище Амазонки»
23.10 «Крид-2»
01.50 худ. фильм «Чужой ребенок»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.00 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
05.30 «Ата-ана,бала-шаға»
06.10 «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10,09.40, 16.00, 18.30, 01.10 Телехикая
08.00 Новости утро
10.50 «Тренер аға»
13.00Жаңалықтар. тікелей эфир
13.15 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
15.40 «Ну погоди»
18.00 Қорытынды жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Итоговые новости прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.10 «Әзілің жарасса»
02.20 «Сен БОССың»
03.20 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20Тазалық уақыты

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Крестьянское хозяйство «Жеңіс» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 27 октября по 2 ноября 2026г. по разделу «Охраны окружающей среды» для крестьянского хозяйства «Жеңіс» в Бактыбайском сельском округе Ескельдинского района области Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°55'08,47» СШ 78°16'02,51»ВД.

Инициатор намечаемой деятельности: КХ «Жеңіс», Ескельдинский район, с. им. Бактыбая Жолбарысулы, Учетный квартал 009, строение 121.

Тел.: 8 702 250 63 22, e-mail: Zhumagulov981@gmail.com

Разработчик: ИП «Экология», тел. 8 777 343 34 66. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ndbecology.gov.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26.

Ссылка на сайт МИО https://ndbecology.gov.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения» и priroda@zhetisu.gov.kz

Сәрсенбі - Среда, 21 қазан

ХАБАР

05.00,13.30 «Рауза»
06.00 «Бір бәйтерек, бір шынар» Кентау Назарбек
08.00 «Оян!»
10.00,21.00 «Алданған тағдыр»
12.00 «Ойнайық»
13.00 «Балам үшін»
14.15,19.00 «Ақ жеңге»
15.00,20.00 «Келінжан»
16.15 Кино «Дубай любой ценой»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
23.00 «Әзіл бәйге»
00.10 Сериал «Ловушка»
01.10 Телесериал «Девочки мои»

ЕВРАЗИЯ

Перерыв
17.00 «Қослайк»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.35«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 «Пять минут тишины»
23.10«Пять минут тишины возвращение»
02.05 «Подкидыш»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.35 «Әнім сен едің»
07.50 Вечерние новости
08.35 Сериал «Пламя жизни»
10.55,00.20 Сериал «Агенты справедливости»
13.25, 21.40 «Битва экстрасенсов реванш»
16.00 Сериал «Пламя жизни»
18.15, 02.50 Сериал «Топтун»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
04.20 Сериал «Аңсаған сәби»
05.10 «Закира»
05.50 «ктк қоржыны»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.30 «Агро аймақ»
11.00 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Біздің толқын»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.00 Д/ф «Тазы. қазақтың қазынасы»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 К/ф «Қожайынның балалары»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» / тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «После огня»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Бақытты балалық»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Туған күніңізбен анашым»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын»
07.00, 20.00 информбюро (рус., каз.)
08.00,05.20 «Күліп ал» ойын-сауық
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30«Черепашка ниндзя»
10.30 «Дом большой мамочки»
12.50худ. фильм «В изгнании»
15.00 худ. фильм «Код 355»
18.00 худ. фильм «Доспехи бога»
21.00 худ. фильм «Робот по имени Чаппи»
23.40 «Дом большой мамочки-2»
01.40 худ. фильм «Семейное счастье»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.40 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

04.40 «Бастық боламын»
05.30 «Ата-ана,бала-шаға»
06.10 «Мың рет сүйдім»
07.30,08.10,09.40, 16.00, 18.30, 01.10 Телехикая
08.00 Новости утро
10.50 «Тренер аға»
13.00Жаңалықтар. тікелей эфир
13.15 Новости прямой эфир
13.30 Телехикая «Тәуіп Хо Жун»
15.40 «Ну погоди»
18.00 Қорытынды жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Итоговые новости прямой эфир
20.00 Запретная любовь
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.10 «Әзілің жарасса»
02.20 «Сен БОССың»
03.20 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20Тазалық уақыты

ТҮРКІСТАНҒА САПАР

Сембек СОЛТАНҰЛЫ
«Алатау»

Қарттар күні қарсаңында жетісулық ардагерлер үшін облыста киелі Түркістанға экскурсиялық сапар ұйымдастырылды. Бұл сапар тек Түркістанмен ғана шектелген жоқ, жол-жөнекей тоқтап, арнайы аралайтын бағытттар белгіленген қызықты сапар болды. Сапарды ұйымдастырып, басшылық жасап жүрген Жетісу облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт сапардың мақсатына тоқтала келе: «өнеге жақсы болса өріс кеңейеді,- деп, - ардагерлерге жасалған құрмет бүгінгі ұрпаққа өнеге болар», - деген тілекжарды ниетін білдірді.



Арыстанбап кесенесі


Ермек Келемсейіт: *«Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол демекші, көп жылдар бойы бар күш-жігерін елге, жерге, қоғамға жұмсап, жасы келіп зейнетке шыққан карттарымызға көңіл бөліп, үйден шықпай отырып қалмауын ескердік. Ақылдың кені қазыналы карттарды құрметтеу, ақсақалдар қауымын ардақтау – біздің парызымыз. Елді бірлік пен татулыққа бастайтын карттарымыздың игі қасиеттерінен үлгі алып келеміз. Үлкендеріміздің өмірлік бай тәжірибелері елдің еңсесін тіктеп, өркендеуіне мол пайдасын тигізуде. Өмір көрген ардақтыларымыздың ақылын алсақ жаман болмаймыз, керісінше тәлім-тағылымдарын өнегеге айналдыруымыз керек. Өнеге жақсы болса, өріс кеңейеді. Еліміздің жан-жақты дамуында қарияларымыздың ерен еңбектері жатыр. Ол ел-жұрттың жадында. Бүгінгі жарқын жетістіктеріміз - абыз ақсақалдарымыздың тыным таппай атқарған жұмыстарының жемісі. Қарттарымыздың ел болашағы үшін атқарған бар игі істеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ».*



Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің толық көрінісі

ЖОЛҒА ШЫҚҚАНҒА ДЕЙІНГІ АБЫР-САБЫР...

Осындай керемет тарихи орынға саяхат жасау мақсатында сапар шектік. Бәріміз қуаныштымыз. 2026 жылдың 23 қыркүйегі таңғы сағат төрт. Облыстық ардагерлер үйінің алды абыр-сабыр, адамдар жан-жақтан келіп жатыр. Бір-бірімізден кімнің қайдан келгендігі туралы сұрастыра келе білгеніміз - Алакөлден бастап Панфилов ауданына дейінгі аудандар және Талдықорған, Текелі қалаларынан қамтылған адамдар саны 46 екен. Бәріміз күткен үлкен автобус та келіп тоқтады. Жамал апай ішке кіріп, әркімді орналастырып отырғыза бастады. «Жолдан Сарөзектен мінетіндерге» деп орындарға жазылған қағаздар қойды да түсіп қалды. Былай шыға Сол жерде біздің бұл сапарымызға (барып қайту жолына, тамағына) демеушілік көрсеткен Бижанов Керімжан атты азамат жылы қарсы алып, ақ жол тілеп шығарып салды. Жол бойы үлкен автобус іші кішігірім театрға айналды. Ішімізде өнерпаз жандар көп екен. Жаркенттік Айнагүл мен Зинат екеуі әнді бастап, оларды қолдап Сарқандық Тұрсынай, Көксулық Жанат Ермұқанқызы, Құрметбек,



Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің алдында

Ақан, Айдын т.б. сапарлас аталар мен апа, әжелер қосылып ән жалғасып жатты. Анда-санда Айдын ақындардың және өзінің өлеңдерін жатқа оқып, бәрімізді таң қалдырып риза етті. Осындай жақсы жүріспен Меркіні басып өтіп Тараз қаласына келіп жетік. Түскі ас ішіп алып одан әрі жолды жалғастыра бердік. Шәуілдірден өтіп Отырардағы Арыстанбап кесенесіне барар жол бойындағы қызыл, көк құбылмалы шамдарды тамашалай отырып, сағат 23 шамасында Арыстанбап кесенесі жанындағы қонақүйге жетіп тоқтадық.

АРЫСТАНБАП КЕСЕНЕСІНДЕ

Таңазаннан арнайы алдырылған малға бата жасап, сойылған малдың етін аспазшыларға тапсырып, ол дайын болғанша Арыстанбап ата кесенесіне кіріп, құран оқыдық. Кесене алдында туристік жолбасшы тарихи оқиғаларды баяндап көптеген түсінік берді. Біз жолбасшыдан пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) аманатын Қожа Ахметке қалай жеткізгендігі туралы айтып беруін сұрадық.

Жолбасшы: Мұхаммед (с.ғ.с.) өз заманынан 400 жылдан кейін өмірге келетін Ахметке бер деп бір тал құрманы Арыстанбаптың аузына салады, ол құрма Арыстанбабтың таңдайына қатып қалады деген аңыз бар. Пайғамбардың аманатын Ахметке жеткізгеннен кейін, яғни 400 жылдан астам өмір сүріп барып, Арыстанбап өмірден озыпты,- деп, аяқтады бір әңгімесін.

Одан әрі Арыстанбап кесенесінің маңайына әр кезеңдерде өмірден озып жерленген әруақтардың



Түркістандағы үлкен мешіт

басына барып, құран оқыдық. Сол жерге жерленген Кеңес Одағы кезіндегі мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың да басына күмбез орнатылыпты. Басқа да айтулы тұлғалардың басына тәу етіп, жақсы тілеу тіледік. Қайтадан қонақүйдің асханасына келіп, сойылған құдайлық малдың етінен ауыз тиіп, Түркістан бағытындағы жолға шықтық. Түркістанға жетіп, жоғарыдағы айтылған киелі орындар мен жаңа Түркістанның әсем орындарын аралап көріп тамашаладық.

КИЕЛІ ТҮРКІСТАН

Түркістан – өздеріңізге белгілі, Қазақстандағы ең көне қала (2000 жылы Түркістан қаласына 1500 жыл толды) және 2018 жылы облыс орталығы мәртебесі берілген жаңа қала, Түркістан облысының әкімшілік орталығы.

Бұрынғы кезде «Шауғар», кейін ислам діні орныққан соң «Йасы» деп аталған. Шаһардың іргетасы V-VI ғасырларда қаланған. XII ғасырда бұл өңірге Қожа Ахмет Йасауи келіп, исламды таратуға үлес қосты.

Түркістан – VII-XII ғасырларда саяси-экономикалық орталық болды.

XII ғасырда мұсылмандар үшін қасиетті мекенге айналды және сопылық ілімді белсенді ұстанушысы Қожа Ахмет Йасауи осы қалада жерленді. Йасауи өмірден өткен соң қабірінің басына үлкен мазар тұрғызылды. Мазар мыңдаған мұсылмандардың зиярат ететін орнына айналды. Кесенені тұрғызуға ұйытқы болған Әмір Темір болатын.

Киелі Түркістанға жылына жарты миллион турист келеді. Шет жерден ағылатын саяхатшылардың қызығатамашалайтын орындарының бірі - тарихи-мәдени этнографиялық орталығы. Алты мыңға жуық құнды жәдігер сақтаулы тұрған мұражай қызметі жыл сайын жаңарып, заманға сай жетілдіріліп келеді.

Киелі Түркістанға келіп жатқан туристер қатарында біз де, Жетісудың көне тарихты қадірлейтін қарт ардагерлері де бармыз. Түркістандағы көне тарихтың жәдігерлерін көріп, қазақтың бай тарихына тағы да тамсандық.

Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің ішіне кіріп, көптеген жәдігерлермен таныстық. Ахмет Йасауидың, Аблайханның жатқан орнын көрдік. Сонымен қатар Тайқазанды да



Тараздағы Әулиеата ескерткіші



Керуен сарай

көре алдық. Суретке түсіруге рұқсат етілмейді екен. Кесенеден шыққаннан соң кесененің оңтүстік жағында сәл биіктеу жерде орналасқан жерасты медресенің ішін аралап көрдік. Одан төмен шығыс жағындағы моншаның ішін көруге мүмкіндік болды. Кесене аумағынан шыққаннан соң арнайы көліктерге отырып, Күлтөбені айналып, жасанды көлдерді жағалап жүріп өттік.

Барып қайттық киелі Түркістанға
«Екі дүние есігі» - Ұлыстанға
Өткен өмір тарихын білген дұрыс
Болашақта болжамдап ұғысқанға
Арыстанбап, Қожа-Ахмет Йассауи деп
Аңыз тектес шындықты айта білген
Аманатын Пайғамбардың жеткізген соң
Арыстанбап өткен екен бұл өмірден
Сыйынамыз рухты бабаларға
Тарихты өткіземіз балаларға
Ондаған ғасыр жоғалмай бізге жеткен
Қасиет бар таудай үлкен даналарда, – деп Түркістаннан Таразға аттандық.

АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН, ӘУЛИЕАТА...

1938 жылы Әулиеата қаласы мен осы өңірге жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың есімі беріледі. Сол сәтте ақын қасиетті мекеннің көне атауын иемденгеніне ыңғайсызданып, Әулиеатаның (Қарахан бабаның) рухынан кешірім сұрап, тәу ету ретінде осы екі жолды суырыпсалып айтқан екен:

«Атыңнан айналайын,
Әулиеата,
Атыңды мен алды деп
болма қапа».

Кейін Қазақстан өз тәуелсіздігін алған соң облыс орталығы Жамбыл қаласына Ұлы Жібек жолында тұрған көне Тараз атауы қайтарылды. **Тараз қаласының бұл атауды иемденуі оның Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталығы болған тарихымен тікелей байланысты.** Көне түркі және қазақ тіліндегі **«таразы» (өлшем құралы, саудада заттың салмағын өлшейтін құрал)** сөзінен шыққан. X–XIII ғасырларда Қарахан мемлекетінің тұсында қала қатты гүлденіп, әлемнің түкпір-түкпірінен келген көпестер бас қосатын алып сауда шаһарына айналды. Мұнда келген тауарлар таразыға тартылып, үлкен базарлар жұмыс істегендіктен, халық арасында бұл жерді **«Тараз» яғни көпестер қаласы** деп атап кеткен. Алдын ала жоспарланған бағытпен Түркістаннан Таразға қарай жол тарттық. Бұл қайтқан сапарымыздағы көңіліміз пәстеу болды. Себебі жолға шығар алдында бізді басқарып келе жатқан ағамыз Ермек Әбілмәжінұлы ортамызға келіп, Каспий теңізінде орын алған қайғылы оқиға бойынша «қаралы күн» жарияланғанын ескертті.

Ұзақ жол жүріп, кешкі сағат 20–дан кете Тараз қаласына жеттік. Жолдағы Айша бибі мазарына баруға кеш болған соң, тікелей қалаға келіп, қонақ үйге жайғастық. Жақсы демалып, таңертең ертемен осы жердегі киелі орындар - Тектұрмас ата кесенесіне тәу етіп,



Ермек Келемсейіт ағамен бірге


Әулиеата саябағын аралап шыққан соң ең биік жотаға орнатылған Әулиеата ескерткішін көрдік. Ескерткіштің биік еңсесі бізді тамсандырмай қоймады. Әулиеата дегеніміз Қарахан баба екенін жоғарыда айтып кеттік. Қарахан батырдың кесенесіне келіп, музейін де аралап көрдік. Осылайша көне қала Таразды да аралап қайттық.

Содан бірден Алматы, Талдықорғанды бағыт етіп жолға шығып кеттік. Кешкі сағат 19-20 шамасында Қаскелеңге жетіп кешкі тамақ ішіп, елге аман-есен жеткізген жүргізушілерге де риза болдық. Жетісу облыстық ардагерлер кеңесі ұйымдастырған бұл сапардың мәнді әрі сәтті болғанына көңіліміз толған бәріміз, Ермек Әбілмәжінұлы Келемсейіт ағамыз басқаратын облыстық ардагерлер кеңесіне жүрекжарды алғысымызды жаудырдық. Сонымен қатар, бізге демеушілік көрсеткен кәсіпкер Керімжан Бижановқа және «Тәтті шәй» мейрамхана қызметкерлеріне ризашылық білдірдік. Бұл азаматтардың осындай өнегелі істері бүгінгі жастарға үлгі болғай! Тағылымды істеріңіз баянды болсын!

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 40 (1303) 16.10.2026 Алатау

НҰРЖІГІТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы 16 мамырдағы кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру, адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту ісінің негізгі элементі - кітап оқу мәдениетін насихаттау – деген еді. Өйткені кітап – адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған асыл қазынасы,білім мен тәрбиенің қайнар көзі болып табылады. Кітап оқыңыздар, жетісулықтар! Алдарыңызда шежіреші –жырау Нұржігіт Жүнісбековтың алғашқы кітабы. Оның өлең-дастандары, шежірелері жазылған қолжазбалары кезінде ел ішінде кеңінен тарап кеткен. Сол жазбалардың сақталған нұсқаларын жинастырып, кітап етіп құрастырып, оқырман назарына ұсынып отырмыз.





Шежіреші Нұржігіт Жүнісбеков, жұбайы Нұрила Сүгірқызы

ЖЕТІСУДЫҢ ЖЫРАУ МЕКТЕБІ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАНДАР

Ақындық өнер – қасиетті өнер. Жер жаннаты Жетісудың Қаратал-Көксу өңірінен талай белгілі жырау, ақындар, шешендер шыққан.

Солардың бірі - қазақтың аға тайпасы Ұлы жүздің ноқта ағасы, 13 ата Тарақ таңбалы Жалайыр Нұржігіт Жүнісбеков. Оның есімі Жетісудың жыраулар мектебінің негізін қалаған:

Қаблиса (Қабан) жырау Асанұлы (1733-1824 жж.)

Сиыршы (Байкөбен) баба ұрпағы Бақтыбай Жолбарысұлы (1835-1903 жж.)

Мырза Қыдыралы Меңлібайұлы (1868-1933 жж,),

Сыпатай Қалқа Жапсарбаев (1886-1976 жж.),

Күшік Мәулімбай Саяқбайұлы (1871-1919 жж.),

Сыпатай Мәйке ақын Байғозқызы (1858-1932 жж.),

Андас Керімқұл Назаров (1860-1929 жж.),

Сиыршы Темірғали Рүстембеков (1906-1976 жж.),

Андас Артық Жексембекұлы (1905-1981 жж.),

Бәйшегір Асыл Керімқұлұлы (1908-1973 жж.),

Есенгелді Ілімұлы (1872-1954 жж.) тағы басқалармен қатар аталады. Нұржігіт шежіреші олардың біріне шәкірт болса, біріне замандас. Жалайырдан талай дүлділ, суырыпсалма ақындар, шешендер шыққан, Құдай қаласа, аруақ қолдаса, алда да шыға бермек!

Қаратал-Көксу өңірінде өткен тарихымызды, ежелгі рухани қазынамызды жетік біліп, жалықпай жинап, артына баға жетпес мұра қалдырған ғұлама қарттар болған. Олар сол жиған-тергенін білгентүйгенін өзінше сұрыптап, қорытып, дамытып, қағаз бетіне түсіріп қана қоймай, тірлігінде замандастұстастарының құлағына сіңіріп, санасына құйып, жан дүние, ой-өрісінің өсіп-жетілуіне айтарлықтай үлес қосумен болған.

ДАРЫНДЫ, ДАРА НҰРЖІГІТ ЖҮНІСБЕКҰЛЫ

Шежіреші және жырау Нұржігіт ақсақал Жүнісбекұлы - Сиыршы Жақсымбет, Қаумен-Топайдан шыққан өзіне дейінгі, өзімен тұстас жыр алыптарынан үлгі ала отырып, өзіндік ақындық шежірелік шеберлігін ширатып, дамытып, көркемдік биігіне жеткізе білген Жетісудың белгілі, сыйлы, белді ақыны.

Ол ақындық дәстүрге тән белгілерді қолданумен қатар жаңашырлығымен, өз руаталарының шежіресін жетік білетін, өзіндік стильдік дәстүрлі жалғастық көрінісі бар тұлға. Оның бойында керемет ақындық талант, қабілет, бейімділік, сөз өнерінің жауһар құндылықтарын бағалай, саралай білетін қасиет барлығы өлеңдерінде, дастандарында айқындалып тұрғандай.

Екі заманды көрген абыз ата Нұржігіт елдің тілі болған, заманның зілі мен зарын көтерген, мұңдыны жұбатқан, дүлейді тежеген, сараңды күйреткен, надандықты әшкерлеген, әділетті жақтаған, сөздің құнын өз ғұмырымен дәлелдеген ірі тұлға. Оның осы күнге дейін баспа бетінде жарық көрмеген мұрасын бір мақалаға, бір кітапқа сыйғызып қамту мүмкін емес. Бірақ соған қарамастан, әр буын Нұржігіт жырау, шежірешіні санамызға қайта жаңғыртуға міндетті.

Нұржігіт атаның бізге жеткен мұрасы көп қабатты рухани әлем. Оның өсиеттері, батасы, өлеңдері, дастандары, шежірелері бір бөлек әлем дүние. Сол мұраны жинап, газетке басу елден жинау, жеке кітап етіп баспаға әзірлеу насихаттау – бұлар екінші үлкен мәселе.

Нұржігіт абыз атаның киелі өмір иесі, тылсым болмысы бар жырау, шежіреші екенін мойындауымыз керек. Енді жырау шежірешінің туған, өскен жері, ататегі, тұрмыс жолы, өнер қонуы, ел ішіндегі беделі өзінен кейінгі мұрасының сақталуы, насихаттау тарихы, ұрпақтарының тағдырына көңіл бөлейік.

НҰРЖІГІТТІҢ ӨМІРДЕРЕКТЕРІ

Нұржігіт Жүнісбекұлы 1903 жылы 25 ақпан айында қазіргі Ескелді ауданы, Жалғызағаш (Октябрь колхозы) ауылында дүниеге келген. Әкесі Жүнісбек Малтабарұлы (1875-1924 жж.) мен анасы Даржан (Дарбала 1879-1930 жж.) колхоз мүшесі болған. Олар бес ұл - Бұршақбай, Нұрахмет, Баяхмет, Мырзахмет, Нұржігіт, 4 қыз – Дәнипа, Әнипа, Қайша, Мәйкен тәрбиелеп өсірді. Ата-бабаларының қыстауы Текелі аймағындағы Кеңсай, Тарсай болған, орта шаруа болып өмір сүрген. Атамыз 1927 жылы 15 шілдеде Мырза-Артық Сүгір қызы Нұрилаға (1911-1990жж.) үйленген. Жаршапқан ауылынан некесін қиған Ұлдарбек молда екен.

«Бес жігіт» дастанын қалай жазғандығы туралы ақын былай деген: «Осы өлеңді 25 жасымда жазған едім. Оны ескермей, жинақсыз әрбір парақ қағазда қала берген. Кейін ойыма түсіп 1947 жылы сол парақтардағы өлеңдерді жинап, құрастырып көшіріп, 1962 жылы жазып қойдым» - дейді.

Жасынан оқу-білімге зерек, халықтың арғы-бергідегі тарихи, әдеби мұраларын уызынан жарып, бойына сіңіріп өскен ол сөз өнерінен, ақындық дарыннан құралақан емес-тін. Араб әрпімен маржандай тізіп толтырған дәптерлері, Жетісу аймағындағы ел мен жер тарихынан сыр толғайтын шежіре, хикаялары, заман мен адам хақындағы, имандылық, тәубе-тәупиық, қанағат-рахым, мейірім-қайырым, ізет-ілтипат сықылды жалпы адами ізгі қасиеттер иірімдеріне бойлаған уағыз-толғамдары, өмірдің көнеден бергі ең өзекті философиялық өрістеріне шарлап, әрі уақиға желісімен де, әсерлі-әсем тілімен де тыңдаушы мен оқушыны кәміл баурап әкететін төл туындылары – қисса дастандары, өлең жырлары терең де мағыналы, маңызды.

ШЕЖІРЕ НЕ СЫР ШЕРТЕДІ?

Сиыршы (Байгөбен, Тоқсары) қазақтың аға тайпасы, Ұлы жүздің «ноқта ағасы» 13 ата тарақ таңбалы Жалайырдың бір беделді, көп тараған көп тарихи тұлғалар шыққан руы екенін қазақ тарихында шежіресінде белгілі.

Кейбір егеменді ел болғалы қаптап кеткен білгіш шежірешілер сияқты Сиыршыны Бірманақтан таратпай, шежіреші бабасы Сиыршыны Сырманақтан тарағанын өлең, дастандарында анық жазады. 13 ата Жалайырдың ру-аталарының тізімдерін жазып, екі жерде 12 ата деп жазған. Бұл аудармашының қателігі сияқты, бірақ кестеде 13 ата Жалайыр Сыпатайды Супатай, Сопат деп жазғаны да кездеседі. Бірақ шежіреші Нұржігіт Сыпатайдың 3 атадан тарағандығын анық жазады.

Шежіренің II, IV бөліміндегі шежірелерінде Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз ру-аталары аралас жазылатындығына таң қалмасқа болмайды. Орақты ата - Жалайырдың «ноқта ағасы» екендігін тарихтағы орны туралы жазылмаған. Қарашапанды «қарашан» деп қате жазылғаны аудармашының қателігі болуы керек. Жалпы өзі шыққан Сиыршы Жақсымбет шежіресіне өте көп көңіл бөлген. Шежіреде өткен ғасырдың 70-ші жылдарға дейін өскен ұрпақтары толық қамтылған



Нұрила апа, қызы және ұлымен, немерелерімен

Енді көп сұрақ, талас тудыратыны Байгөбеннің (Тоқсарының) қалай Сиыршы аталғаны туралы шежіреші Нұржігіт Жүнісбекұлының осы кітаптағы екі нұсқасы бар: алғашқысын шежірені оқып, жинап, жазып жүргендерге керек болар деп қысқартпай толық бергенді жөн көрдім.

СИЫРШЫ ШЕЖІРЕСІ

Сиыршы атамның ұрпақтары. Байбөген, Әлімбай. Байбөгеннің жалған аты — Сиыршы. Сиыршыдан туған балалар: Жақсымбет, Сырымбет, Тоқымбет, Жолымбет, Шалымбет.

Бұл бес атамызды «бес бет» деп атайды.

АҒАСЫНЫҢ ҚҰНЫН СҰРАУҒА ЖАЛҒЫЗ БАРҒАН БАЙБӨГЕН

Байбөген, Әлімбай ағайынды адам. Сиыршының шын аты Байбөген. Ерте кезде ел арасы жер таласы, жесір таласы дегендей, екі елдің қақтығысынан Әлімбай атамыз Қарақалпақ елінің азаматынан қаза табады. Содан Қарақалпақ елі күш бермей, құн бермей кете барады. Бірнеше жыл өткеннен кейін Байбөген атамыз қарақалпақтан құн алу үшін Ұлы жүздің Табынынан көмек сұрайды. Әні-міні деп, құн алу үшін көмекке ешкім бара қоймайды. Содан Байбөген атамыз өзінің жанкүйер адамдарымен Қарақалпақ халқына аттанады.

Қарақалпақта Үргеніш қазірше Дүбірехан деген жерге барып бергі шетіндегі жалпақ даланың белес-белес көрінген жерден маздатып от жағып, түтінді будақ-будақ еткізіп тастайды да, Қарақалпақтың еліне барып, бір үлкен ақ үйге келіп:

- Кім бар ау? - деп дауыстайды.

- Кімді сұрайсың? Біз бар, - деп, бір жігіт шығып үйге кіргізеді.

Байбөген атамыз сәлем беріп төрге шығады. Төрде жақсы адамдар би мен болысты инабатты адамдар көрінеді. Сонда отырған бір жақсы адамы: «Шырағым таныспадық, кім боласың?» - дейді.

- Атым Байбөген, әкем Сырманақ, менің Әлімбай деген бауырымды сендердің бір тентектерің өлтіріп кетіпті. Соған құн сұрай келдім.

Сонда отырғандар: "Қанша адам келдіңдер?" - дейді.

Соған әлгі отырған адамдар мырс етіп күліпті. "Өзіңнен басқа адамдарың бар ма, жалғыз өзің не тындырасың?" - дейді. Сонда, Байбөген : "Менің аз-көбімді сонау қостан байқарсың. Бүткіл Ұлы жүз боп аттандық. Содан бас батырымыз жақсы адамдарымыз, би мен болыстарымыз мені жіберді. "Қолы қанға тиген қарақалпақ елі өлтірсе, сені тағы қоса өлтірсін. Екі адамның құнын бірақ алып қайталық, олар тұрысатын, ұрысатын жерін көрсетсін" деді," - дейді. Сонда үрейі ұшқан қарақалпақ жақсылары : "Олар келмей-ақ сізге құнды беруге бола ма?"- деп сұрайды.

- Әрине, болады. Бірақ та берген құндарың аз болмаса болды да. Олар менен хабар барғанша жата бермек. Содан қарақалпақ жақсылары жан-жаққа кісі шаптырып, малын жинап, алдына салып береді. 4 түліктің көпшілігі сиыр малы болды. Жылқы, түйе шамалы. Содан сол елдер жігіт желеңдеріне малын айдатып берген адамдары Байбөгеннің адамдарына жетер-жетпестен қорқып кейін қайтады. Байбөген атамыздың көрінген жерден от жаққаны қостары «көп кісілер» деп айтсын деген айласы іске асып, содан серіктерін қосып алып, малын айдап еліне келеді.

Содан толып жатқан сиырды бағып, атамыз Байбөген Сиыршы атанып жүре береді. Содан жалайырдың жақсылары қарақалпақтан құн алып келген жігіт кім деп сұрай береді. Сонда анау тұрған Тоқсары жігіт дейді.

Содан Байбөген атамыздың тағы бір аты «СИЫРШЫ» және Тоқсары атанып жүре береді.

Осы тарихи оқиға туралы ғылыми, тарихи-тағылымды әдебиеттердің тек біріне ғана назар аударадық.

ЖҮНІСБЕКҰЛЫНЫҢ алғашқы кітабы шықты

Сегіз қырлы, бір сырлы этнограф-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбет (1942-2009 жж.) өзінің қазақ шежіресіне арналған зерттеу кітабында:

Байбөген сол кезден бастап «Сиыршы» деген лақап есіміне телініп еді, - дейді. (Қазақтың ауызша тарихы шежірелік деректерді пайымдау, зерттеу Астана «Фолиант» 2008 133-139 бет).

Бұл оқиға XVIII ғасырдың орта шенінде Қарақалпақстан жерінде болғандығы ғылыми, тарихи-тағылымды көркем әдебиеттерде шежірелерде әртүрлі нұсқалары жазылып жүр. Байкөбеннің (Тоқсарының) Сиыршы аталуы осы уақыттан басталуынан күмән келтіруге болмайды.

Осы кітапты құрастырушылардың мақсаты Нұржігіт жырау, шежіресінің туындыларын жаңа буын оқырманға жеткізу, Жетісудың танымына лайықты ұсыну. Оның тек өткеніне емес, бүгіннің де, ертеңнің де дара ақыны екенін дәлелдеу. Ол туралы сөз әлі де айтыла да, жазыла да, зерттеулер әлі де тереңдей береді. Бірақ бір нәрсе анық – қазақ бар жерде Нұржігіт Жүнісбекұлының аты өшпейді, себебі ол – елдің тілі, сөз өнерінің іңкәрлігін, тарихқа адалдығын, ізгілікке ілтипатын қозғау бүгінгі ұрпақтың міндеті. Ақын – өз дәуірінің жыршысы деген ұғым бар. Тағы бір айта кететін нәрсе ол Жетісу, онда тұратын ру-аталарының тарихының, шежіресінің кең көлемде дәлелдігі.

Нұржігіт атамыз жер жаннаты Жетісудың айыр көмей, құйма құлақ, суырып салма ақын, тума шайыр, абыз жыраулардың бірі екеніндігіне таласымыз жоқ.

Ол, біріншіден, еш жерде, тарихи-тағылымды, зерттеу шежірелерде жазылмаған 13 ата Тарақ таңбалы Жалайырдың Қарашапанының тарихта белгілі дана, әулие, көріпкел, шешен, би Қарасақал қызы Дарабоз (Қанипа,1690-1770 жж.) ананың шыққан тегі Мырза, Күшік емес, Қарашапан екендігін, күйеуі Андас Құлжа екенін және Дарабоз бәйбішеден Бәзілбай, Жекен, Жанқасқыр, Нұрәлі есімді төрт баласы болғанын жазған. Ал Бәзілбайдан Әлібан би тарайды деп жазған шежіреші Нұржігіт.

Тарихта тағы да Дарабоз ананың Қаратал өңірінде Сарықұл атты әулие немересі болғандығы белгілі. Ұрпақтары 2007 жылы маусым айында басына мәрмәр тас қойғаннан басқа еш шара өткізбеді. Сол таста "Жалайыр Мырза Қарашапан" деп Мырзаны қосып жазғандары өте қате.

«Қарашапан» Жалайырдың беделді, белді талай тарихи тұлғалар шыққан және жеке дара руы, бұл 1370 жылдан Сырманақ, Шуманақ Жалайыр тайпасы біріккеннен бастап тарих бетінде жазылған. Ол туралы 1825 жылы орыс құжаттарында Ш.Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбергенұлы, Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбаев және т.б. өз еңбектерінде жазған.

Екінші, бабасы әулие, көріпкел Асансиық Үргенішқұлұлы туралы еш жерде жарияланбаған, ұрпақтары әулиелігі туралы т.б. мол мәлімет берген Нұржігіт ата шежіресінде.

Үшінші, Нұржігіт тарихшы ретінде 13 ата Жалайырдың белгілі тарихи тұлғаларының да шежіресін, олардың тарихтан алған орны тура-



лы дәлелдеп жазған.

Төртінші, шежіреші атамыз Сиыршы 5 атасының шежіресін толыққанды берген сияқты, өзі шыққан Жақсымбетке көп көңіл бөлген екен.

Бесінші, өткен ғасырда жазылған қарт жыраудың «Қызқұлаған» дастаны болса, бұл оның ақындық қуаты мен өршіл өрісін аңғартатын шығарма екені даусыз.

Текелінің тауы бар Қора, Шажа,
Бір сұлу қыздың Шажада
Болған екен қазасы,
Кер заманның содыр заңы
Жазықсыз жас қызға қылған
жаза, - деп басталатын өлең шумақтары 18 ғасырдың орта шамасында болған теңсіздік пен зұлымдықты, мөлдір махаббат пен кіршіксіз таза сезімнің қылын шертіп, өзіне баурап алып кетеді.

Бір құз бар Текеліде
«Қызқұлаған»,
Белгілі кім қуанып, кім жылаған.
Сойқанды сұм тобырдың
озбырлығы,
Сорлыны ұрып жығып
жұлмалаған...

Осы Нұржігіт жыраудың «Қызқұлаған» дастаны негізінен белгілі журналист Серік Сарыбайұлының осы аттас көлемді повесть жазуына (Текелі тынысы, 2023 ж. 18.09), ал ақын Назар Қалиұлына «Қызқұлаған» атты өлеңін жазуға ықпалы болған сияқты. Дарынды атамыздың талай шығармалары жас зерттеушілерге, шежірешілерге, ақын-жазушыларға талай үлгі-өнеге боларына сенімдімін.

НҰРЖІГІТТІҢ ӨНЕРІН ЗЕРТТЕГЕН ОРАЗ

Абыз атамыздың жыраулық, шежірелік өнерін зерттеген Жетісудың белгілі жазушысы, қазақ радиосының 20 жыл Талдықорған облысы бойынша меншікті тілшісі, фольклоршысы 30-дан аса тарихи-тағылымды, естелік, көркем кітаптарының авторы Ораз Исмаиловтың (1940-2012 жж.) орны ерекше зор.

Ораз аға Нұржігіт атамен алғашқы 1978 жылы 16 желтоқсанда кездескенін Қабан (Қаблиса) жырау туралы әңгімелерін, өлеңдерін жазғанын қағазға түсірген (Ораз Исмаилов «Бабалар сөзі – даналар көзі», Алматы, «Білім», 1996 65 бет).

Нұржігіт жыраудың «Қаблиса мен Таутан қыздың айтысы» бар осы жинақта. 1984 жылы 5 наурызда Нұржігіттің Жетісудағы үйінде айтысты өзінен өлеңдерін магнитофонға жазып алған Ораз аға.

Жазушы Ораз осы екі ақынның айтысы туралы жоғарыда аталған зерттеулерде 10 бетін арнаған (65-75 бет). Сонымен қатар фольклоршы бабамыз Қабан жыраудың Қабан жыраудың туғанына 310 жыл толуы қарсаңында «Ақындардың алтын қазығы» атты көлемді мақаласын «Шаған шұғыласы» (Көксу ауданының газеті 1993 ж. 1 мамырда №18 жариялапты.

Ораз аға Жалайыр тарихының тамыршысы Нұржігіт атасының ақындығы мен өмірде көргені мен көкейге түйгендігін әдемі суреттеген.

Нұржігіт шежіресі бабасы Ескелді би, әулие туралы Ораз жазушыға «Ел жүрегіндегі Ескелді би» зерттеу кітабына (Алматы, 2006 ж.) Ескелді би туралы аңыз, әңгімелерінде де айтып берген (366 бет).

Балпық би, Жолбарыс әулие, батыр, Орақты батыр тағы басқа да 13 ата жалайырдың тарихи тұлғалар туралы Нұржігіт атаның естелігін өзінің көптомдық кітаптарында пайдаланған Ораз аға қай күні, қай жерде жазып алғандығын, жазып қалдырған, кітаптарында жазған.

Жырау, шежіреші Нұржігіт Жүнісбекұлының дастандары, өлеңдері, шежірелері жеке кітап болып баспа бетінде бұрын шықпаған



екен. Бірақ «білімді өлсе қағазда аты қалар, ұста өлсе істеген заты қалар» деп, қазақ бекер айтпаған болар.

Мен, тарихшы, өлкетанушы Құлтай Нұрқалбайұлы 2024 жылы Нұржігіт атаның немересі Гүлзада Нұржанқызымен жолықтым. Ол маған атасының жеке суретін, балаларымен түскен суретін және абыз атаның өнегелі ақыл сөздерін, "нан болмаса жан болмас", ескерту, Жақсымбеттің Малтабар ұрпақтары туралы қысқаша шежіресін берген болатын. Шежіренің жалғасы жоқ болып шықты. Шежіре 1969 жылы 24 тамызда сәрсенбі күні жазылған екен.

Мен тағы бір Қаратал өңірінің белгілі ақын-шежірешісі СиыршыТоқымбет атасынан шыққан Ескелді бидің ұрпағы Нұрсағат Әлбилянов (1908-17.03.1993 жж.) атамыздың Тоқымбет-Бәйімбет шежіресі қолымен жазылған «Аманат» дастанын сақтаған Асқар Нұрдәулетұлы Әжімұратов (1940-1997 жж.) туралы өмір деректерінен құрастырып, алғаш рет «Сиыршы абыз шежірешілері» атты кітап шығардым, бірақ аз ғана данамен баспадан шықты.

Бұл жинақта Қапал уезінің XIX-XX ғасырдың басындағы Жалайырдың аралас картасын Нұржігіт Жүнісбеков туралы белгілі ескелдідік журналист Абдықадыр Алашбаевтың ата туралы мақаласын Нұржігіт пен Нұрсағат аталардың Жалайыр Сиыршы Жақсымбет, Бейімбет шежірешілердің кестесін жариялядым.

Былтыр «Алатау» облыстық қоғамдық-саяси газеті Нұржігіт жырау, шежірешілердің жаңадан табылған дастандарын, өлеңдерін, шежірелерін 2025 жылы 22 тамызда №33, 19 қазанда №37 екі беттен «Атадан қалған мұра» топтамасымен басты.

Осы кітаптың жинап, құрастырып шығуы туралы Жетісудың белгілі баспагері Бақберген Сүйінбайұлы інімініз былай деп еске алады: «2025 жылы шілде айында қарашаңырққа Жетісу ауылына барып, ата-анам, бауырларыммен әңгіме-дүкен құрып отыр едік. Сол әңгіме үстінде анам Түкебаева Сәуле Айтмұхамбетқызы (1938 жылы туған) орнынан тұрып кетті де:

- Балам, мына кезінде атаң Абдолланың жайнамазын салып іліп қоятын дорбасы бар еді. Сонда Нұржігіт атаңнан қалған дәптерлері сақталып тұр, - деп ілулі тұрған дорбадан 6 дәптерді алып шықты. – Мына дәптерлер Нұржігіт атаңның жазған дастандары, өлеңдері мен әңгімелері еді. Оның қаншалықты құндылығы бар екенін білмеймін, бірақ елдің барлығы атаңның жазғандарын іздеп, таппай жүруші еді. Осыны саған берейін, - деп алты дәптерді қолыма ұстап табыс етті.

Сол алты дәптерді алған соң беттерін ашып қарасам, бәрі араб қарпімен, төте жазумен жазылған. Мен оны оқи алмадым. Төте жазуды қазір кім біледі деп аударатын адам іздей бастап едім, есіме бірден талдықорғандық жазушы-журналист Айдын Кәлімхан түсті. Дәптерлерді көрсетіп Айдын бауырыма «Төте жазуды аударып берудегі мүмкіндігің қандай?» деп едім, ойланбастан келісе кетті.

Қарап отырсам, Нұржігіт атамның 1930 жылдан 1980 жылдар аралығындағы өлең жолдарымен жазылған хаттары екен. Оның қандай құндылығы бар екенін оқырман өзі таразылай жатар деген оймен атамның өлең хаттарын топтастырып, жеке кітап шығаруды ұйғардық. Өйткені мұнда біраз елге



Кітапты төте араб әріпінен аударған Кәлімхан Айдын

танымал тарихи тұлғалардың аттары, Төлек төре, Бақтыбай мен Сүйінбай ақын атамыздың кездесуі, Қаблиса (Қабан) атамызбен Таутан қыздың айтысы, ауыл ақсақалдары, «Миғраж» деп аталатын 1978 жылы жазылған дастан өлеңдері т.б. шығармалары бар екен.

Атамыздың өлеңдерін ақын-жазушылардың іздеп жүріп оқитыны есімізде. Сондықтан мен Нұржігіт атамның осы еңбектерін оның бізге жеткен асыл мұрасы ретінде қабылдап, еш өзгертпестен оқырман назарына ұсынып отырмын. Осы еңбектерін Сиыршылар отырған топқа салып едім, Жетісу ауылының азаматы Апақбаев Орал Отарбайұлы (1957 жылғы) атамыздың қолымен жазылған «Сиыршылар шежіресін» алып келді. Оны да осы кітапқа енгізіп, көптің білгені дұрыс болар деген оймен жеке кітап қылып шығаруды ойластырдық. Сол кезде бауырым Бақыт - Сиыршылар қауымдастығының төрағасының бастамасымен, атамыздың немересі Абенова Гүлзада замандасымыз «Бес жігіт» деп аталатын тағы бір дәптерді қолыма ұстатты», - деп жырау, шежіреші ұрпағы белгілі баспагер Бақберген Сүйінбайұлы Тукибаев бұл кітаптың шығуы туралы қысқаша осылай мағлұмат берді.

Осы жырау, ақын бабасының тұңғыш көлемді кітабының шығуына бұл інімнің үлесі зор. Әлі де Нұржігіт абыз атаның асыл мұралары ел арасынан табылар деген үміттеміз.

Нұржігіт Жүнісбекұлының шығармалары оқырманды рухани ләззатқа бөлейді, тәрбиелік-танымдық әсері мол, құнды өнер, әдебиет туындылары екеніне толық сенемін.

Жырау шежіреші Нұржігіт Жүнісбекұлы бүкіл өмірін қазіргі Ескелді ауданы, Жетісу ауылында өткізді. Осында отбасын құрды, еңбек етті, ұзақ жылдар бойы ауылда хат тасушы болды. Өз жұмысын адал атқарды.

Дүниеден 1987 жылы 27 ақпанда 84 жасында өтті. Артында қалған ұрпақтары Нұрсәуле, Нұржан, Күләш, Оразғалы көбейіп, өрістері кеңейген әулет. Енді, міне, облыстық «Офсет»баспаханасынан 352 беттен тұратын шежіреші-жырау Нұржігіт Жүнісбекұлының алғашқы өлең-дастандары, шежірелер жинағы оқырманға жол тартты. Жетісудың кітапхана қоры тағы бір өлке тарихынан сыр шертер кітаппен толықты. Оқырман, оқыңыз бұл кітапты. Жаппай кітап оқитын ел зиялы, әділетті, сауатты ұлтқа айналады.

Тарихшы-өлкетанушы
Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ.

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 40 (1303) 16.10.2026 Алатау

БЖЗҚ «Halyk Global Markets» АҚ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартты бұзу жоспарланғанын еске салады

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) 01.01.2026 ж. бастап салымшылардан зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушы (бұдан әрі – ИПБ) «Halyk Global Markets» АҚ беру туралы жаңа өтініштерді қабылдау тоқтатылғанын еске салады. Бұл шешім 2025 жылғы 31 желтоқсанда аталған ИПБ-ның бастамасы бойынша 2021 жылғы 18 ақпандағы № 17/6/18-02-21/П Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап бұзу жоспарланып отырғаны туралы хабарламаның алынуына байланысты қабылданды.

Бұған дейін ИПБ-ға берілген барлық зейнетақы жинақтары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан әрі — ҚРҰБ) басқаруына берілгенге дейін қолданыстағы шарттарға сәйкес «Halyk Global Markets» АҚ басқаруында қала береді. Қолданыстағы Ережелерге сәйкес, ИПБ Шарт бұзылғанға дейін өз міндеттемелерін толық көлемде орындауға, соның ішінде бекітілген инвестициялық стратегияны, активтердің сақталуы жөніндегі талаптарды және есептілікті сақтауға міндетті.

Басқару мерзімі аяқталғаннан кейін БЖЗҚ ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін ақшалай түрде толық көлемде ҚРҰБ-ға сенімгерлік басқаруға қайтаруды жүзеге асырады. Бұл ретте теріс айырма пайда болған жағдайда, ИПБ оны толық көлемде өтейді. ИПБ-ның теріс айырманы есептеуі мен өтеу мерзімдері Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 43 қаулысымен регламенттелген.

Салымшылардың (зейнетақы жинақтары ИПБ сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап кемінде бір жыл өткен соң) зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ сенімгерлік басқаруына немесе басқа ИПБ-ға беруді жүзеге асыруға құқылы екенін еске саламыз.

Статистикалық деректерге сәйкес, 2026 жылдың басынан бері «Halyk Global Markets» АҚ-дан басқа ИПБ-ларға жалпы сомасы 765,5 млн теңгеге зейнетақы жинақтары бойынша 441 аударым жасалды. Осы кезеңде ҚРҰБ басқаруына жинақтарды қайтару бойынша жалпы сомасы 1,3 млрд теңгеге 881 аударым жасалды. Бұл ретте ИПБ-ның әрбір салымшысы өзінің зейнетақы жинақтарын басқа ИПБ-ларға немесе ҚРҰБ басқаруына бір реттен көп аударуға құқылы болды.

ЕНПФ напоминает о планируемом расторжении договора о доверительном управлении пенсионными активами с АО «Halyk Global Markets»

АО «Единый накопительный пенсионный фонд» (далее — ЕНПФ, Фонд) напоминает о прекращении с 01.01.2026 г. приема новых заявлений вкладчиков о переводе пенсионных активов управляющему инвестиционным портфелем АО «Halyk Global Markets» (далее — УИП). Данное решение было принято в связи с получением 31 декабря 2025 года уведомления о планируемом расторжении с 01.01.2027 г. по инициативе данного УИП Договора о доверительном управлении пенсионными активами от 18 февраля 2021 года № 17/6/18-02-21/П (далее — Договор).

Вместе с тем, все ранее переданные УИП пенсионные накопления продолжают находиться в управлении АО «Halyk Global Markets» на действующих условиях до момента передачи их в управление НБРК. Согласно действующим Правилам, УИП обязан в полном объеме исполнять свои обязательства по Договору до его прекращения, включая соблюдение утвержденной инвестиционной стратегии, требований по сохранности активов и отчетности.

После завершения срока управления, ЕНПФ осуществляет возврат пенсионных активов, находящихся в доверительном управлении УИП, в полном объеме в виде денег в доверительное управление Национальному Банку Республики Казахстан (далее — НБРК). При этом УИП возмещает в полном объеме отрицательную разницу, если таковая возникнет. Расчет и сроки возмещения отрицательной разницы УИП регламентированы постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 7 июня 2023 года № 43.

Напоминаем, что вкладчики вправе (не ранее чем через один год с даты передачи пенсионных накоплений в доверительное управление УИП) осуществить передачу пенсионных накоплений в доверительное управление НБРК или другому УИП.

Согласно статистическим данным, с начала 2026 года из АО «Halyk Global Markets» в другие УИП был осуществлен 441 перевод пенсионных накоплений на общую сумму 765,5 млн тенге. Возврат под управление НБРК за тот же период составил 881 перевод на общую сумму 1,3 млрд тенге. При этом каждый вкладчик УИП мог совершить более одного перевода своих пенсионных накоплений в другие УИП или под управление НБРК.

2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап БЖЗҚ салымшылары зейнетақы жинақтарын басқарудың кеңейтілген мүмкіндіктеріне ие болды

2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген, салымшылардың өз зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндіктерін кеңейтетін өзгерістер күшіне енді. Жаңа өзгерістерге сәйкес, енді салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруына бере алады.

Бұл ретте МЗЖ және ЕЗЖ есебінен жинақтары бар салымшылар, сондай-ақ олар үшін МКЗЖ және ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалар өздерінің сенімгерлік басқаруға берілетін жинақтарының көлемін дербес айқындауға, сондай-ақ қаржылық мақсаттарына сәйкес бір немесе бірнеше ИПБ-ны және бір немесе бірнеше инвестициял ық портфельді таңдауға құқылы.

Заңнамаға сәйкес, ИПБ үш инвестициялық портфельге дейін қалыптастыра алады: консервативті, қалыпты және тәуекелді. Олар тәуекел деңгейі, күтілетін кірістілік және инвестициялау мерзімдері бойынша ерекшеленеді. Әртүрлі инвестициялық портфельдерді таңдау мүмкіндігі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 37-1-бабында бекітілген. Оларды қалыптастыруға қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушылардың сенімгерлік басқаруына беру тәртібі және инвестициялық мүмкіндіктер туралы толық ақпарат БЖЗҚ сайтында және invest.enpf.kz платформасында қолжетімді.

Осылайша, зейнетақы жүйесі салымшы пассивті рөл атқаратын модельден адамның өзінің ұзақмерзімді зейнетақы жинақтарын басқаруға саналы түрде қатысуын көздейтін жүйеге біртіндеп ауысуда. Инвестициялық стратегияны таңдау мүмкіндіктерінің кезең-кезеңімен кеңеюі және зейнетақы активтерін басқару туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру салымшылардың болашақ зейнетақы табысын қалыптастыруға қатысты шешімдер қабылдауға белсендірек қатысуына жағдай жасайды.

С 7 сентября 2026 г. вкладчики ЕНПФ получили больше возможностей по управлению пенсионными накоплениями

7 сентября 2026 года вступили в силу изменения в Социальный кодекс Республики Казахстан, расширяющие возможности вкладчиков по управлению своими пенсионными накоплениями. Согласно нововведениям размер пенсионных накоплений, передаваемых в доверительное управление частным управляющим инвестиционным портфелем (УИП), теперь может составлять до 100% средств за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ), имеющихся на индивидуальном пенсионном счете вкладчика (получателя).

При этом вкладчики ОПВ и ДПВ, а также физические лица, за которых перечислены ОППВ и ДПВ, могут самостоятельно определить объем своих накоплений, передаваемых в доверительное управление, выбрать один или несколько УИП, а также один или несколько инвестиционных портфелей в соответствии со своими финансовыми целями.

В соответствии с законодательством УИП могут формировать до трех инвестиционных портфелей: консервативный, умеренный, рискованный. Они различаются по уровню риска, ожидаемой доходности и срокам инвестирования. Возможность выбора различных инвестиционных портфелей закреплена в статье 37-1 Социального кодекса Республики Казахстан. Требования к их формированию определяются уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций.

Полная информация о порядке передачи пенсионных накоплений в управление доверительных управляющих инвестиционным портфелем и инвестиционных возможностях доступна на сайте ЕНПФ и на платформе invest.enpf.kz.

Таким образом, пенсионная система постепенно трансформируется от модели, где вкладчик играет пассивную роль, к системе, предполагающей осознанное участие человека в управлении собственными долгосрочными пенсионными сбережениями. Последовательное расширение возможностей выбора инвестиционной стратегии, повышение доступности информации об управлении пенсионными активами создают условия для более активного участия вкладчиков в принятии решений, связанных с формированием будущего пенсионного дохода.

«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы төлемдерін уақытылы рәсімдеудің маңыздылығын ескертеді

«БЖЗҚ» АҚ (БЖЗҚ, Қор) міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар, жалпыға белгіленген зейнеткерлік жасқа толған, сондай-ақ мерзімсіз уақытқа бірінші және екінші топтағы мүгедектік белгіленген адамдардың БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін белгіленген кесте бойынша алуға құқығы бар екенін еске салады.

Еске сала кетейік, жасына байланысты зейнетақыны жалпыға белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдар ала алады: ерлер – 63 жасқа, әйелдер – 2026 жылы 61 жасқа толғанда.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін зейнеткерлік жасқа толуына байланысты тағайындату үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) уақытылы жүгінуі қажет. Алушы зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 10 күн бұрын ХҚКО-ға өтінішпен бірге қажетті құжаттарды тапсыра алады. Осы мерзімді қатаң сақтауға кеңес береміз, өйткені бұл мемлекеттік зейнетақыны алу үшін аса маңызды. Оны тағайындау кезінде ұсынылған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру талап етіледі.

Зейнетақы өтініш берілген күннен бастап тағайындалады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш зейнеткерлік жасқа толғанға дейін берілген жағдайда, өтініш берген күн зейнеткерлік жасқа толған күн болып есептеледі. Ал зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін жүгінген жағдайда, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында өтініштің тіркелген күні өтініш берген күн болып есептеледі.

Сонымен қатар, телефон нөмірлері eGov мобильді азаматтар базасында тіркелген болашақ зейнеткерлерге 1414 нөмірінен зейнеткерлік жасқа толуына 2 ай қалғанда SMS-хабарлама жіберіледі. Хабарламада зейнетақы төлемдерін уақытылы тағайындату үшін жақын жердегі Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне жүгінуге болатыны туралы ескертіліп, egov.kz сайтындағы қажетті құжаттар тізбесінің сілтемесі көрсетіледі. Яғни зейнетақы төлемдерінің белгіленген мерзімде рәсімделуі үшін мемлекеттік органдар тиісті хабарламалар жібереді, өйткені өткізіп алған кезең үшін төлемдер тағайындалмайды.

Сонымен бірге, зейнеткерлік жасқа толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ олар бойынша төлем алу үшін жүгінбеген азаматтарға қатысты Қор «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірлесіп, осы азаматтарға жыл сайын жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің тағайындалған-тағайындалмағанын тексеру мақсатында салыстырып тексеру жүргізеді. Оның нәтижелері бойынша БЖЗҚ төлемдерді проактивті форматта, яғни өтінішсіз жүзеге асырады.

Бұдан бөлек, 2026 жылғы наурыздан бастап дәл осындай өтінішсіз тәртіп ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарына қатысты да енгізілді. Бұл тәртіп зейнеткерлік жасқа толған, БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар және бұған дейін 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты төлем алу үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген адамдарға қолданылады.

ЕЗЖ есебінен (болған жағдайда) зейнетақы төлемдерін өтінішсіз тағайындау тәртібі:

- зейнеткерлік жасқа толуына байланысты мемлекеттік бюджеттен зейнетақы және міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу үшін белгіленген тәртіппен Мемлекеттік корпорацияға өтініш берген кезде БЖЗҚ-ның ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін автоматты түрде тағайындауы;
- ЕЗЖ есебінен төлемдерді проактивті қызмет шеңберінде жүзеге асыру.

Мүгедектік белгіленуіне, 50 жасқа толуына байланысты ЕЗЖ есебінен төлем алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне немесе ресми сайтындағы (enpf.kz) жеке кабинет арқылы, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы жүгіну қажет.

Мүгедектігі бар адамдар үшін БЖЗҚ-да көшпелі қызмет көрсету ұйымдастырылған. Бұл ретте алдын ала ақыл-кеңес беріліп, қызметтерді қашықтан алу мүмкіндігі тексеріледі.

enpf.kz сайтында зейнетақы төлемдерінің түріне, құжаттарды ұсыну тәсіліне қарай қажетті құжаттар тізбесі, құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар, өтініш бланкілері және оларды толтыру үлгілері, сондай-ақ сенімхат үлгісі орналастырылған. «Электрондық сервистер» бөлімінде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға жіберілетін құжаттарды алдын ала тексеру мүмкіндігі қарастырылған.

АО «ЕНПФ» напоминает о важности своевременного оформления пенсий

ЕНПФ напоминает, что лица, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, сформированные за счёт обязательных пенсионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов, и достигшие общеустановленного пенсионного возраста, а также лица с инвалидностью первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно, имеют право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ по установленному графику.

Напомним, что пенсию по возрасту могут получать лица, достигшие общеустановленного пенсионного возраста: мужчины по достижении 63 лет, женщины по достижении 61 года в 2026 году.

Пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

Для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста получателям необходимо своевременно обращаться в ЦОН по месту жительства. Документы в ЦОН вместе с заявлением можно подать за 10 дней до достижения получателем пенсионного возраста. Настоятельно рекомендуем соблюдать этот срок, т.к. это особенно важно для получения государственной пенсии, для назначения которой требуется проверка трудового стажа по представленным документам.

Пенсия назначается со дня обращения. При этом важно отметить, что при подаче заявления на пенсионные выплаты до достижения пенсионного возраста – днем обращения считается дата наступления пенсионного возраста, а в случае обращения после достижения пенсионного возраста – днем обращения считается дата регистрации заявления в Государственной корпорации «Правительство для граждан».

Кроме того, обращаем внимание, что будущим пенсионерам (потенциальным получателям), чьи номера телефонов зарегистрированы в базе мобильных граждан egov, с номера 1414 за 2 месяца до достижения пенсионного возраста направляется SMS-уведомление о возможности своевременного обращения в ближайшее отделение Государственной корпорации для получения услуг по назначению пенсионных выплат со ссылкой на перечень документов на сайте egov.kz. То есть государственными органами для оформления пенсионных выплат в предусмотренные сроки осуществляется рассылка соответствующих уведомлений, так как за пропущенный период выплаты не назначаются.

